

1999 ж. шыға бастады

Тіркелген куәлік № 13395-Ж
Қазақстан Республикасының
мәдениет және ақпарат
министрлігі
Ақпарат және мұрағат комитеті
22.02.2013 ж. берген

Редакция алқасы

Н.Л. Сейтахметова (бас редактор)
А. Сағиқызы (бас редактордың
орынбасары)

К.Н. Бұрханов
Т.Х. Габитов
С.Ю. Колчигин
А.К. Назарбетова
З.К. Шәукенова
М.С. Шәйкемелев
Ш.М. Жандосова
Ә.А. Кокушева (жауапты хатшы)

Редакционная коллегия

Н.Л. Сейтахметова (главный
редактор)
А. Сағиқызы (зам. главного
редактора)

К.Н. Бурханов
Т.Х. Габитов
С.Ю. Колчигин
А.К. Назарбетова
З.К. Шаукенова
М.С. Шайкемелев
Ш.М. Жандосова
А.А. Кокушева (ответ. секретарь)

Регистрационное свидетельство
№ 13395-Ж выдано Комитетом
информации и архивов
Министерства культуры
и информации Республики
Казахстан 22.02.2013 г.

Издается с 1999 года

**ФИЛОСОФИЯЛЫҚ ЖӘНЕ ҚОҒАМДЫҚ-
ГУМАНИТАРЛЫҚ ЖУРНАЛ**

Адам әлемі

**ФИЛОСОФСКИЙ И ОБЩЕСТВЕННО-
ГУМАНИТАРНЫЙ ЖУРНАЛ**

4(66)•2015

**Халықаралық редакциялық кеңес
Международный редакционный совет**

Нысанбаев А.Н. (кеңес төрағасы, Қазақстан)
Фиерман У. (АҚШ)
Халилов С. (Әзірбайжан)
Мехди Санаи (Иран)
Жумагулов М. (Қырғызстан)
Зотов А.Ф. (Ресей)
Лекторский В.А. (Ресей)
Малинин Г.В. (Ресей)
Нечипоренко О.В. (Ресей)
Тощенко Ж.Т. (Ресей)
Кенан Гюрсой (Түркия)
Шермухамедова Н.А. (Өзбекстан)

Жолдауды қолдау • За строкой послания

| | |
|---|---|
| Обсуждаем Послание Президента Республики Казахстан: сотрудники Института философии, политологии и религиоведения КН МОН РК о перспективах и развитии казахстанского общества..... | 3 |
|---|---|

Блім. Қоғам. Саясат • Образование. Общество. Политика

| | | |
|--------------------------------|---|----|
| Әбдіғалиева Г., Қилыбаев Т. | Адам капиталы – ақпараттық қоғамдағы ұлттың басты құндылығы..... | 9 |
| Сейтасқаров Т. | Қазақ хандығының құрылуы, оның негізін салушылар және «қазақ» этнонимі жайлы..... | 16 |
| Таукебаева Ә. | Сравнительные преимущества федерализма и унитаризма на примере Российской Федерации и Республики Казахстан..... | 30 |

Жаһандану және мәдениет • Глобализация и культура

| | | |
|--------------------------------|---|----|
| Хазбулатов А., Султанова М. | Культурный код нации в концептуальном понимании современной культурной политики Казахстана..... | 36 |
| Бияздықова К., Мұханбет Ә. | Мәдениеттегі вестернизацияның ролі..... | 46 |
| Симуканова Г. | Массовая культура и манипуляция общественным сознанием как негативные факторы для развития национальной культуры..... | 54 |

Исламтанулық және дінтанулық зерттеулер •

Исламоведческие и религиоведческие исследования

| | | |
|-----------------------------------|---|----|
| Альмухамбетов А., Шаяхметов О. | Цитаты из Корана и хадисов как эталон нормативности в толковых академических словарях современного арабского языка (на материале «Большого словаря» Каирской академии арабского языка)..... | 62 |
| Әділбаев А., Әділбаева Ш. | Ислам құқық методологиясында құқықтық нормалар белгілеудегі тілдік қағидалардың ролі..... | 68 |
| Қалмахан Е., Анарбаев Н. | Ислам тарихындағы Куфа қаласының тарихи маңыздылығы..... | 80 |

Философия және ғылым • Философия и наука

| | | |
|---|--|-----|
| Писаренко Ю. | Ненасытный глаз (к архаической семантике образа)... | 88 |
| Есенғалиева В. | Рациональность и ее социокультурные основания..... | 100 |
| Әбдіраманова А., Сатершинов Б. Нығметжанов К. | Қазіргі ғылым дамуының өзекті философиялық мәселелері..... | 108 |

Мерейтойлар. Мезгілдер. Оқиғалар • Юбилей. Даты. События

| | | |
|--|---|-----|
| Духовность – национальная безопасность страны..... | 114 | |
| Колчигин С. | Российский философский конгресс в Уфе: краткие итоги..... | 117 |
| Коновалов С. | Об итогах VI Конгресса социологов Тюркских стран в Стамбуле (Турция)..... | 128 |
| Біздің авторлар • Наши авторы | 136 | |

**ОБСУЖДАЕМ ПОСЛАНИЕ ПРЕЗИДЕНТА
РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН: СОТРУДНИКИ ИНСТИТУТА
ФИЛОСОФИИ, ПОЛИТОЛОГИИ И РЕЛИГИОВЕДЕНИЯ КН МОН РК
О ПЕРСПЕКТИВАХ И РАЗВИТИИ
КАЗАХСТАНСКОГО ОБЩЕСТВА**

Послание Президента страны обращено к народу Казахстана в сложный период новой волны глобального экономического кризиса и нарастания международной напряженности. В нем дается всесторонний, глубокий анализ результатов и перспектив деятельности казахстанцев во всех сферах жизнедеятельности, разрабатывается стратегия слаженных совместных действий по выполнению намеченных целей и выходу из кризиса благодаря единой политической воле и прочным традициям казахстанского общества. Общий настрой послания – оптимистический, вселяющий уверенность в то, что кризис, как и в прежние годы, будет преодолен при условии участия каждого казахстанца, где бы он ни трудился.

Ведь кризис, говорит наш Президент, это не только опасность, но и новые возможности. Казахстан вступил в эру независимости в кризисную эпоху и пережил трудный период становления и глобальный финансовый кризис, из которого вышел обновленным, представив миру уникальный опыт использования кризисных условий для продвижения эффективных, инновационных Программ экономического и социального развития. И что самое важное, какими бы не были кризисные годы, Казахстан проводил активную социальную политику, неуклонно повышая благосостояние граждан, так что расходы на социальную сферу выросли за последние 10 лет в 3 раза. И сегодня, говорится в Послании, казахстанцы будут поддержаны государством повышением заработной платы бюджетникам и индексацией солидарных пенсий. Но все и каждый должны знать, что необходимо трудиться в полную силу и следовать принципу «Жить по средствам».

Мне, как ученому и педагогу, особенно близки строки Послания о приоритете в социальной политике масштабных инвестиций в сферу образования и в развитие человеческого капитала. В институте философии, политологии и религиоведения КН МОН РК в соответствии с этой задачей и совместно с Казахским национальным университетом им. аль-Фараби уже второй год осуществляется инновационный проект по интеграции науки и образования. Ведущие ученые страны – философы и религиоведы – читают курсы лекций магистрантам и докторантам PhD. Молодежь получает возможность не только обучаться у признанных ученых, но включается в проведение научных исследований и разработок, публикует научные статьи в авторитетных журналах, выступает с докладами на конференциях и конгрессах. Это и есть непосредственный, эффективный вклад ученых нашего Института в будущее страны, в накопление человеческого капитала, что яв-

ляется одним из условий выхода из кризиса и вступления Казахстана в зону нового экономического и социального подъема.

*Грета Соловьева,
главный научный сотрудник Института философии, политологии
и религиоведения КН МОН РК, доктор философских наук, профессор*

Бірлікке жетелейді

Бірінші Президент күні қарсаңында Елбасы Қазақстан халқына жыл сайынғы өзінің жолдауын арнады. Бұл Елбасының халыққа арналған жиырмасыншы жолдауы. Биылғы жолдаудың бұрынғылардан ерекшелігі, ол еліміздің әлемдік экономикалық дағдарыс жағдайындағы іс-қимылдарына арналды. Расымен биылғы жыл еліміз үшін оңай болған жоқ және алдағы болжамдар да аса көңіл қуантарлықтай емес. Алайда, қазақ халқы келісім мен төзімділік сияқты көшпенділік ділдің рухани-дүниетанымдық негізінде жатқан дәстүр мен мәдениет ерекшелігін сақтап қалған ел. Бүгінгі таңда Н.Ә. Назарбаевтың жүргізіп отырған сабдарлы саясаты сол дәстүр сабақтастығының белгісі. Сондықтан да, бүкіл әлемге кемел саясатымен танылған Елбасы халықтың бұл тығырыққа төзімділік таныта отыруға шықарып, шығар жолды көрсетері сөзсіз анық.

Теңгенің едәуір құлдырағаны және сол сияқты өзге де орын алған дағдарыстық жағдайлар кімге болмасын ауыр тиіп жатқаны айқын. Ал биылғы жолдау осы тығырықтан шығуды көздейтін көптеген нақты ұсыныстар мен идеяларға толы болды. Елбасы «Бұрынғыдай мұнайдан түсетін жоғары кіріс жоқ. Әлем тұрақсыздана бастады. Әлемнің жетекші алпауыттары бір-біріне қарсы санкциялар ендіруде. Нәтижесінде босқындар саны артты. Шиеленістер өршіп, күнінен мыңдаған жазықсыз адамның қаны төгілуде. Бұл егемен елдердің ішкі мәселесіне сыртқы күштердің араласып, мемлекеттіліктің жойылғандығының белгісі» деп атап өтті. Ал бұл тұрғыда, біздің елдің бойындағы бейбітсүйгіш, келісім, төзімділік қасиетінің арқасында қоғамның біртұтастығы сақталып отыр.

Тәуелсіздік алғаннан бері де Қазақстан біршама тығырықты бастан өткізіп үлгерген, ендігі тұста бұл дағдарыстан да сүрінбей өтері сөзсіз. Осы жолдағы жасалып жатқан қадамдар да аз емес. Мысалға, қажетті мемлекеттік қор мен алтын валюталық резерв жинақталып қойды. Жаһандық дағдарысқа қарамастан, «Қазақстан-2050» стратегиясын жүзеге асырудағы нәтижелеріне қол жеткізіп үлгердік. Давостық экономикалық форумның жаһандық бәсекеге қабілеттіліктің көрсеткіші бойынша Қазақстан 42-ші орынды иеленді, бизнеспен айналысуға қолайлы жағдай жасалынған елдердің ішінен 41 орынға тұрақтады. Сонымен қатар, 30 қараша Қазақстан Дүниежүзілік сауда ұйымына толыққанды мүше болып кірді. Тағы бір қуантарлығы, қазақстандықтардың орташа өмір ұзақтығы 72 жасқа жуықтады. Бұл қазақ елінің қаншалықты жоғары дәрежеде өмір сүріп

отырғанының айқын көрсеткіші. Міне осылардың барлығы ел басына туған күрделі жағдайларға қарамастан, ілгері жасалып жатқан тың қадамдар. Осы тұста мемлекет басшысына деген сенім мен халық арасындағы бірліктің болуғаны абзал.

Ел дамуы жаңа заман талаптарына сай дамудың келесі сатысына өтті. Елбасы алдыңғы жолдауларда атап өткен «Алтын ғасырға» жетелеудің бірден-бір жолы – халықтың өмір сүру сапасын, әлеуметтік жағдайын жақсарту, қоғамдық өмірдің барлық саласы дамытуға күш жұмылдыру болып табылады. Бұл жолғы жолдау да ешқандай дағдарысқа қарамастан, барлық қиындықтарды оңай еңсеріп өркениетті, дамыған елдер қатарына қосылып, табысты, асар асуы әлі де алда, ауқатты ел атанатын кезең «Алтын дәуірге» жетелейді.

*Динара Жаңабаева,
ҚР БҒМ ҒК Философия, саясаттану және дінтану
институтының ғылыми қызметкері, PhD доктор*

Важное напутствие

Послание Президента народу Казахстана является важным стратегическим документом, определяющим основные пути развития и направления деятельности нашей страны. Лидер Нации всегда очень ответственно подходит к работе над Посланием, результатом чего являются четко взвешанные, эффективные, а самое главное – актуальные и своевременные задачи и пути их решения.

Послание этого года «Казахстан в новой глобальной реальности: рост, реформы, развитие» не стало исключением. Президент с самого начала своего выступления подчеркнул, что сохранение независимости даже труднее, чем ее обретение, и к 25 летнему юбилею независимости страны мы пришли с немалыми достижениями, но еще важнее на волне рисков новой глобальной реальности устоять и сохранить государственность страны, ее экономическую стабильность.

Несмотря на сложную геополитическую ситуацию в мире и нетерпеливое отношение лидеров государств в отношении друг к другу Казахстан остается верен своим принципам мирного диалога и политике толерантности. «Мы едины с мировым сообществом в борьбе за безъядерный мир, против терроризма и экстремизма. Мы выступаем за решение любых конфликтов мирным путем и делаем для этого все, что зависит от нас» – сказал Н.А. Назарбаев в Послании народу Казахстана.

Говоря о вызовах новой глобальной реальности, Елбасы представил главную антикризисную стратегию страны, которая отражается в трех важных понятиях: рост, реформы, развитие. Данная стратегия напрямую связана со Стратегией «Казахстан-2050» и Планом Нации «100 конкретных шагов», уже успешно реализуемых государством.

В этой связи хотелось бы отметить, что в Послании четко прослеживается призыв Главы государства к активизации и пробуждению представителей всех сфер деятельности общества. Идея построения Общества Всеобщего Труда как никогда актуальна на волне мирового финансового кризиса. Действительно, историческая реальность показывает, что именно в кризисные периоды многие государства начали свое небывалое развитие, мобилизуя весь свой внутренний потенциал. Сегодняшние мировые кризисные процессы и вызовы современности должны стать толчком к осмыслению и переосмыслению роли и возможности каждого из нас в поддержке государства и дальнейшего его процветания.

Обращаясь к молодежи, Президент не первый раз говорит о том, что все, чем богат сегодня Казахстан – все это для благополучного и безоблачного будущего страны. А будущее – это интеллектуальное, креативное, а главное – патриотичное молодое поколение. Глава государства призывает молодежь осваивать рабочие профессии и не боясь перемен, идти в ногу со временем.

Для представителей молодого ученого сообщества каждое Послание Главы государства является очень важным напутствием.

Тема Послания звучала и в рамках работы ежегодного Форума молодых учёных на тему: «Поколение независимости: новые цели и пути их достижения», организованного Советом молодых ученых Института философии, политологии и религиоведения в преддверии Дня Первого Президента Республики Казахстан. Очень важно, что молодые ученые принимают активное участие в его обсуждении, потому как на них возлагается особая надежда, как на наиболее активную, инициативную и перспективную социальную группу казахстанского общества.

*Мадина Бектенова,
научный сотрудник отдела религиоведения,
PhD докторант Института философии, политологии
и религиоведения Комитета науки МОН РК*

Елбасының жыл сайынғы Халқына жолдауы қиыншылықтарды еңсерудің кепілі ретінде

Елбасымыздың дәстүрге айналған жыл сайынғы халқына жолдауы қоғамның барлық салаларындағы өзекті мәселелерді қамтып өтіп, оларды шешуде нақты бағыттар мен шараларды ұсынады. Бұл салиқалы, жан-жақты зерделенген маңызды құжатта еліміздің түрлі әлеуметтік топ өкілдері, әрбір азамат, кәсіпкерлер, дін басылары, ғылыми қауымдастық өкілдері өздерінің дамуына қажетті негізді алып отырады. Тәуелсіздігіміздің тарихындағы он сегізінші жолдау да халқымыздың басына төнген жаһандық дағдарыс жағдайынан қалай өтудің сұрақтарына кешенді және нақты жауаптар беруге ұмтылған. Сонымен қатар, бұл жолдауда Елбасымыз халқымыздың

бұдан да күрделі сындарлы кезеңдерден абыроймен өткенін еске салып, әр қайсымызды сабырлық пен үнемділікке шақырып отыр. 1997 жылдан бері Елбасының халқымызға Жолдауы белгілі бір белестерді еңсеріп, қиыншылықтарды жеңудің нақты кепілі деп айтуға болады.

Қазақстан Республикасы осы кезең аралығында болашағы белгісіз, кенес одағының ең құлдыраған жағдайынан тәуелсіздігін нығайта түскен, әлемдік сахнада өз болмысын танытып, паш ете білген, халықаралық саясатта беделді акторға айналды. Халқымыздың, әлемнің дамыған елдерімен қатар терезесі тең мемлекет ретінде дамуға барлық мүмкіндіктері мен әлеуеті бар. Бұл мүмкіндіктерді дұрыс және тиімді бағытта дамытатын қысқа, орта және ұзақ мерзімді стратегияларымыз да бар. Бұл стратегияларға Елбасымыздың бір-бірімен сабақтасқан жыл сайынғы жолдаулары негіз болып отыр. Осы уақытқа дейінгі жолдаулардағы негізгі стратагемалар мен идеялардың сәтті жүзеге асуына баршамыздың көзіміз жетіп отыр. Бүгінгі Елбасымыздың Жолдауы да оның салиқалы, жүйелі саясатымен ұштасып жатыр. Атап айттар болсақ, биылғы жолдаудағы негізгі стратагемалар «Қазақстан-2050» Стратегиясы, «Нұрлы жол» бағдарламасымен, биылғы жылы жарияланған бес институционалды реформалармен, оны жүзеге асырудағы «нақты 100 кадаммен» тығыз байланысып, олардың жүзеге асу бағыттарын нақтылай түсіп отыр. Сонымен қатар, қазіргі бүкіл әлемді жайлаған экономикалық, әлеуметтік және саяси тұрақсыздық жағдайында қазақстандық контексте осы жағдайдан келіп түсетін жағымды және жағымсыз үдерістерден сабақ алып, ұтымды пайдаланудың нақты бағдарлары анықталды. Осы орайда, Елбасының биылғы Жолдауы да халқымыздың сындарлы кезеңде қалыс қалмай, абыроймен өтуіне сенімділігін артып, кепіл болуына кәміл сенеміз!

Дамира Сіқымбаева,

ҚР БҒМ ҒК философия, саясаттану және дінтану институтының ғылыми қызметкері, PhD доктор

Молодые ученые обсудили послание Президента на ежегодном форуме

Сегодня состоялся уже четвертый по счету ежегодный Форум молодых ученых, проведенный в рамках Астанинского Социологического Форума, посвященный Дню Первого Президента и 24-летию Независимости Республики Казахстан. Организаторами Форума выступили Институт философии, политологии и религиоведения КН МОН РК и «Ғылым Ордасы». Мероприятие началось с просмотра в прямом эфире Послания Президента РК народу Казахстана. Новое обращение Лидера нации нашло отклик в выступлениях молодых ученых, докторантов совместной образовательной программы научно-исследовательских институтов Комитета науки Министерства образования и науки РК и Казахского национального университета имени аль-Фараби.

Доклады участников были посвящены роли киноэпопеи «Путь Лидера» в формировании нового казахстанского патриотизма, идее «Мәңгілік Ел» в произведениях фольклора, значению проекта «Нового Шелкового Пути» и экономическом развитии страны и инновационным аспектам построения наукоемкой экономики. Особого внимания заслужило выступление научного сотрудника Института истории и этнологии имени Ш.Ш. Валиханова Джунисбаева Алмаса, который ознакомил участников Форума с результатами своего колоссального исследовательского труда, посвященного исследованию жизни первого казаха, удостоившегося ученого звания профессора, Санжара Асфендиярова.

Изучение истории нации через призму жизни и деятельности выдающихся представителей казахстанской интеллигенции даёт возможность отыскать в глубинах исторической памяти источники роста, общенациональной интеграции и консолидации народа, о которых говорил Глава государства Нурсултан Назарбаев в своем Послании. Именно человек как главный субъект общественных преобразований должен выйти на первый план в период кризиса. Это как раз и подчеркнул в своем выступлении Нурсултан Абишевич, говоря о том, что «мы должны найти новые внутренние источники роста через раскрытие частной инициативы».

Лидер нации подытожил: «Мы обязательно победим новый глобальный кризис. Для этого у нас есть единая воля, прочные традиции единства народа». Действительно, в период экономических штормов только ценности и идеалы, преобладающие в казахстанском обществе, духовная крепость граждан и осознание ответственности за будущее страны могут уберечь наш общий дом – Казахстан – от негативного внешнего воздействия. К такому выводу пришли участники Форума молодых ученых по итогам мероприятия.

*Ермек Токтаров,
политолог, научный сотрудник отдела политологии
Института философии, политологии
и религиоведения КН МОН РК,
Председатель Совета молодых ученых ИФПР КН МОН РК*



*Гүлжан Әбдіғалиева,
Талғат Қилыбаев*



**АДАМ КАПИТАЛЫ
– АҚПАРАТТЫҚ ҚОҒАМДАҒЫ
ҰЛТТЫҢ БАСТЫ ҚҰНДЫЛЫҒЫ**

Аннотация. Қазақстанда адам капиталы тақырыбы соңғы жылдары зерттеу нысанына айналды. Алғашында бұл мәселені экономистер қозғаса, кейінірек әлеуметтану және саясаттану ғылымдары аясында қарастырылды. Қазіргі таңда елімізде білім экономикасы мен оның ғылыми негізінің, яғни адам капиталының даму үдерісі жүріп жатыр. Бұл үдеріс заман дамуының кезеңіне сай постиндустриалды қоғамнан кейін жүретін ақпараттық қоғам белгілеріне жақын. Атап айтқанда, ХХ ғасырдың үшінші жартысында болған жаңа технологиялық өзгеріс, жаппай компьютерлендіру және қоғамның ақпараттануы жаңа қоғамдық жағдайды қалыптастырды. Яғни, әлеуметтік қарым-қатынас, жеке тұлғалардың мінез-құлқы, адамдардың құндылықтары өзгерді. Еңбек үдерісіне қатысып отырған адамның интеллектуалды және шығармашылық еңбегі бірінші орынға қойылды. Осыған орай, қоғамға қатысты теориялар да жаңа бағытта дами бастады. Ал аталған постиндустриалды және ақпараттық қоғам теорияларын, сонымен қатар адам капиталына арналған теорияларды зерттеп, оларға әлеуметтік-философиялық талдау жасау Қазақстан ғылымы үшін жаңа бағыттардың бірі болып табылады.

Түйін сөздер: адам капиталы, интеллектуалды капитал, ақпараттық қоғам

Ұлттық адам капиталы инновациялық процестің басты қозғаушы күші, ел экономикасының бәсекеге қабілеттілігі мен халықтың әл-ауқатының көрсеткіші болып табылады. Қазақстан территориясында адам капиталы мәселесі көптеген жылдар бойы назардан тыс қалып, зерттелмеген болатын. Ал дамыған елдер ел экономикасының, мәдениетінің, саясатының тұрақты әрі қуатты болуы адам капиталының нығаюымен тікелей байланысты екенін бірнеше жылдар бұрын біліп, оны дамытуға күштерін аямауда. Осы орайда Қазақстан үшін басқа елдердегі адам капиталы мен оның көрсеткіштеріне қарап, еліміздегі ахуалмен салыстыру үлкен пайда әкелетіні сөзсіз. Адам капиталына денсаулық, білім (интеллектуалды капитал), халықтың әл-ауқаты, еңбекке қабілеттілігі жатады. Яғни, аталған бөлшектердің біреуінің әлсіз болуы елдің жалпы жағдайына кері әсерін тигізеді. Халық денсаулығының төмендігі, дәлірек айтқанда, көрсетілетін медициналық қызметтің нашарлығы, медицина саласындағы қызметкерлер күзiретiлiгiнiң төмендігі салдарынан болған ел тұрғындарының нашар

десаулығы олардың еңбекке қабілеттілігін бәсеңдетеді. Бұл, өз кезегінде, еңбек өнімділігінің төмендеуіне, ел экономикасына тікелей байланысты көптеген маңызды салалардың жеткілікті әрі тұрақты дамуына кедергі келтіреді. Аталған мәселе тек халық денсаулығының нашарлауымен ғана байланысты емес. Сонымен қатар, білім де адам капиталының қалыптасуына және дамуына септігін тигізетін бір жеке үлкен фактор. Әрбір сала жұмысшысы белгілі қажетті дәрежеде білім иесі болмаса, керек кәсіби біліктілік дәрежесінде қызметін атқармаса, бұл да өз кезегінде ел дамуын баяулатады. Себебі адам, қалай болса да, өркениет дамуының бастауы болып табылады. Демек, ұлттың дамуы оның басты құндылығы – адам капиталының дамуымен тығыз байланысты. Өйткені өркениет адам қабілеті мен мүмкіндіктеріне сай дамиды. Неғұрлым адам өз қабілеттерін шыңдаса, соғұрлым зор жетістіктерге жете алады. Ол тек ғылым, техника, экономика, саясат, мәдениет емес, сонымен қатар рухани салада да толық қамтылған күйде болады. Мәселен, «христиан философиясында адам құдайдың жаратылысы бола тұрса да, ол басты құндылық деп танылып, оны қоршаған барлық өзге тірі және өлі жаратылыс адам үшін жаралған» делінеді [1]. Яғни, жер бетіндегі барлық процестер адамның айналасында жүреді. Сол сияқты, елдегі болып жатқан барлық процестер адаммен, соның ішінде, адам қабілеттерімен, мүмкіндіктерімен тығыз байланыста жүреді. Адам егер тұрақты рухани күйде болмаса, оның іс-әрекеттері өнімсіз әрі пайдасыз болатыны анық. Демек, адам капиталын дамытуда тек адамның қабілеті, дағдысы мен біліміне ғана емес, оның рухани тұрақтылықта болуы да шарт. Діни дұрыс білімді сіңірген тұлға адамгершілік принциптерімен өмір сүріп, қоғамға пайдалы істерді жүзеге асырады.

«Адам қоғамның даму процесінде тек қана «пешка» рөлін ойнап, көрсетілген бағытта жүретін механизм бөлшегі емес, ол сонымен қатар, компьютерлер мен сараптау жүйелерінің күші жетпейтін, анализ жасайтын, бағалайтын және шешім қабылдайтын тіршілік иесі» [2]. Кейбір салаларда интеллектуалды техникалық шешімдерді (құрылғыларды) пайдалану мүмкін болмайды. Яғни, адамның еңбегі капиталдың бір түрі ретінде қарастырылады. Бірқатар экономистердің пікірінше қазіргі жағдайда ұлттардың басты байлығының бір түрі – шашпшаң интеллектуалды және рухани даму қалыптасып, олардың иегерлері жеке тұлғалар болып, адамның күнделікті іс-әрекетінде инновациялық процестер орын алды. Техникалық прогрес өнімнің пайда болу уақытын арттырумен қатар жұмысшылар санын қысқартуға әкеледі. Мұндай мысалды АҚШ-тың өнім өндіретін ірі компанияларынан көре аламыз. Олар автоматтандырылған завод пен фабрикаларды алға қойып, жұмысшылар санын, яғни олардың жұмыс барысында атқаратын қызмет түрлерін, рөлдерін жойды. Мұндай шешім кері әсерін тигізіп, көптеген компаниялар әлемдік сахнадағы жоғары орындарынан айрылды. Ал жапондық компаниялар өнім арттыруда басты фактор ретінде адамды қойып,

өнім өндіру барысында жұмысшылардың пікірлерімен санасып, олардың керек екендігін, қызметтерінің маңыздылығын сезіндіре білді. Жапондық бұл шешім, әрине, өзінің оң нәтижесін берді. Олар ғылыми дамуға, инновацияға жол ашып, жұмысшылардың кәсіби деңгейлерінің жоғары болуына талап қойды. Яғни, өнім сапасының бәсекеге қабілетті болуы адамның біліміне, кәсіби біліктілігіне тікелей байланысты екенін көрсетті. Жалпылап айтқанда, «қоғамның дамуы адамдардың жаңа дағдылар мен рөлдерді игеруімен, қоғам азаматтарының мәдениеттілік деңгейімен, өзгерістер динамикасының артуымен байланысты» деген қорытындыға келуге болады [3].

«Адам капиталы» ұғымына келетін болсақ, барлық ғылыми бағыттағы зерттеушілер мен талдаушылардың бұл ұғымға деген қатты қызығушылықтары адам капиталын тереңірек қарауға себеп болды. Қазақстанда да адам капиталы тақырыбы соңғы жылдары зерттеу нысанына айналды. Алғашында бұл мәселені экономистер қозғаса, кейінірек әлеуметтану және саясаттану ғылымдары аясында қарастырылды.

Қазіргі таңда елімізде білім экономикасы мен оның ғылыми негізінің, яғни адам капиталының даму үдерісі жүріп жатыр. Бұл үдеріс заман дамуының кезеңіне сай постиндустриалды қоғамнан кейін жүретін ақпараттық қоғам белгілеріне жақын. Атап айтқанда, ХХ ғасырдың үшінші жартысында болған жаңа технологиялық өзгеріс, жаппай компьютерлендіру және қоғамның ақпараттануы жаңа қоғамдық жағдайды қалыптастырды. Осыған орай қоғамға қатысты теориялар да жаңа бағытта дами бастады. Яғни, ақпараттық саланың кеңеюіне байланысты кәсіби дағды, қоғамның білім беру саласы, еңбектің түрі, сонымен қатар, инновациялық технологиялар салдарынан қоғамдағы адамдар арасындағы қарым-қатынас, жеке тұлғалардың мінез-құлқы, құндылықтары өзгереді. Сол еңбек үдерісіне қатысып отырған адамның интеллектуалды және шығармашылық еңбегі бірінші орынға қойылады. Егер Парсонс қоғамды 4 жүйеге – экономикалық, саяси, құқықтық, идеологиялық – бөліп қарастырса, ақпараттық қоғамда бұл тізімге телекоммуникациялық және білім беру жүйесі қосылады. Ақпараттық қоғамда адамдар ақпаратты қабылдап, өңдеп, сақтап, өзгертіп әрі қабылдап еңбек етеді. Бұл – осы қоғамның негізгі ерекшелігі. Ал осы үдеріс Қазақстанда жүріп жатыр ма, жүрсе қандай деңгейде және ол еліміздің адам капиталына қалай әсер етеді деген сұрақтарды қарастыру өзекті болып отыр.

Ең бірінші, ақпараттық қоғамдағы адам капиталының дамуы, жоғарыда айтып кеткендей, еңбек түрінің өзгеруімен және ақпараттық қоғам технологияларының дамуымен тығыз байланысты. Адам капиталы деп отырған адамдардың білімі, дағдысы, денсаулығы, әл-ауқаты, рухани ахуалы қазіргі қоғамда орын алып жатқан техника жетістіктері мен инновациялық технологияларға қатты тәуелді. «Ресми деректерге сүйенсек, Қазақстанда интернет желілерін пайдаланушылар саны 2005 жылы 400 000 болса, 2010 жылы 4 миллионға жеткен, ал 2013 жылы 100 адамға шаққанда 63,3 адам

болды» [4]. Яғни, халықтың 60% аса бөлігі интернетті пайдаланады. Осы желі арқылы көрсетілетін қызметтер саны мен ақпаратпен алмасу мөлшері артқан. Бірақ бұл көрсеткішті жетік дамыған елдердің көрсеткіштерімен салыстыруға келмейді. Мәселен, салыстырмалы түрде АҚШ-ты алсақ болады. Бұл елде өндіріс саласында халықтың 17% айналысса, қалған 80% ақпараттық технология саласында қызмет етеді. Бұл еліміздің артта қалғанын емес, керісінше, ақпараттық байланысты жеделдетіп дамыту қажеттілігін көрсетеді. Жаңа, соңғы техникалық жетістіктерді, дәлірек айтқанда, құралдарды дамыған ақпараттық қоғамға сай пайдалану адам капиталын арттыруға негізделген шешімдер қабылданып жатыр. Осы жолда ел үкіметі де өз шешімдерін ұсытуда. 2007 жылы елбасымыз ұлттық ақпараттық кеңістіктің бәсекеге қабілеттілігін арттыру тұжырымдамасына қол қойды. Сондай-ақ осы бағытта 2008-2015 жылдарға арналған сандық теле-радио көрсетілімді дамытудың мемлекеттік бағдарламасы әзірленді. Бұл үшін мемлекеттік БАҚ-ты дамытуға жыл сайын қажетті қаражат бөлінуде. Ақпараттық технологияларға жұмсалған шығындарға көз жүгіртсек, «2005 жылы 25 957 400 тг құраса, 2009 жылы бұл көрсеткіш 126 597 200 тг құрады. Интернет желісін пайдаланудың негізгі мақсаттары ретінде халықты жұмыспен қамтамасыз ету, білім беру, мамандардың кәсіби біліктілігін арттыру көзделіп, оның көрсеткіші 2009 жылы 23,6% құрады» [4]. Яғни, ақпараттық қоғам технологияларына жасалған инвестиция арқылы еліміздің әлеуметтік капиталын арттырсақ, дамыған елдердің қатарына қосылу уақыты жақындай түседі. Адамдардың капиталын, білімін арттыру мақсатында Қазақстанның әрбір жеріндегі адам интернет желісін пайдаланып, өзіне пайдалысын алатын болса, жоғарыда ұсынылған көрсеткіштер бірнеше есе артатыны сөзсіз. Нақтырақ айтқанда, соңғы техникалық жетістіктер мен инновациялық шешімдер көмегімен халық білімін арттыру бәсекеге қабілеттіліктің кілті болып табылады. Себебі білім мемлекеттік институттардың өмір сүруіне қажетті стратегиялық өнім, елді ақпараттық қоғамда алға жетелейтін басты жүйе. Яғни, елдегі қоғам ақпараттық қоғам өміріне толық дайын болса, Қазақстанның әлеуметтік капиталы жоғары дәрежеге жетеді. Дәлел ретінде О.Тоффлердің тұжырымын келтіруге болады. Ол «Заманауи өркениетте ғылыми күш пен байлықты өзіне бағындырып, биліктің негізгі факторына айналды. Сондықтан ақпаратты қолда ұстау экономикалық және саяси өмірдегі билікке апарды» деп айтқан [5]. Яғни, қазіргі кездегі билігі бар деп қолында ақпараты бар адамды айтуға болады. Осы ақпаратты дұрыс ағынға бағыттай білген адам қоғамдағы бәсекеге қабілетті, рухани ахуалы тұрақты, сәтті өмір сүретін адам бола алады.

Адам капиталын дамыту жолындағы еліміз жасаған қадамдарға келетін болсақ, Елбасымыз соңғы жылдарды білім жүйесін жетілдіруге арнады. Бұл шешім мектепке дейінгі оқытудан бастап, орта білім беру, жоғары білім беру жүйесін қамтиды. Көп уақыт бойы отандық білім беру жүйесінде

болған реформалар көбінше тек орта және жоғары білім беру жүйесін қамтыды және адамның әлеуметтенуінің алғашқы баспалдағы болатын бастапқы білім беру жүйесіне – мектепке дейінгі білім беру мен тәрбиелеу институттарына көңіл бөлінбеді. Ал адам білімінің негізі, құндылықтары, психологиялық үйренуі, ұжымда еңбек ету қабілеті, білімге құштарлығы, отбасыны алмағанда, балабақшада пайда болатыны бәрімізге белгілі. Бұл жолда Н.Ә.Назарбаев балаларды мектепке дейінгі білім және тәрбиемен қамтамасыз етуге арналған «Балапан» бағдарламасын құруды алға қойды. «Бұл бағдарлама бойынша 2020 жылға қарай қала мен ауылдық жерлер мектепке дейінгі тәрбиелеу мен білім беру мекемелеріне деген қажеттілік жағдайдан арылуы тиіс» [6]. Осыған орай білімді арттыруға жұмсалған қаржыны біз инвестиция, адам капиталына кіріс деп қабылдауымыз керек. Ал белгілі бір технологияны немесе сол технологияға қатысты білімді жоғалту – адам капиталдының бір бөлігін жоғалту деген сөз. Сондықтан, ұлттық құндылықтарды ескре отырып, адам капиталын дамыту қоғам тұрақтылығының бөлшегі болған әрбір ел азаматының парызы.

Қазақстандағы ЖОО – да кредиттік жүйемен беріліп жатқан білім сызықтық графикамен елестеткенде ақырын жылдамдықпен жоғары көтерілуде. Алайда кредиттік жүйенің Қазақстанда қалыптасқан советтік білім беру жүйесінің қалдықтарымен сіңіспеу үрдісі байқалады. Дәлірек айтқанда сапалы, кредиттік жүйемен дайындалған мамандар жеткіліксіз деген ой түйілді; сонымен қатар ЖОО-ның кейбір шешімін таппай жүрген мәселелері жайында сөз қозғалды (жатақғана мәселесі, мемлекеттік гранттарды бөлу мәселесі);

- Инновациялық білім беру мақсатында инновациялық технологияларды мектептен бастап ЖОО-да енгізу қажеттілігі қатты туындауда. Себебі заманауи талаптарға сай білім беру үшін оған қажетті соңғы техника мен технологиялар жетістіктерін оқыту үрдісіне енгізу керек деген ұсыныс алға қойылды;

- Білімді бәсекеге қабілеттілік фактор қарастыру қазіргі кезде өзекті мәселелердың бірі. Өйткені алдыңғы қатарлы мемлекеттер арасынан орын алу үшін Қазақстан білім деген факторға арқа сүйеуі қажет. соның ішінде сапалы мамандардың елімізде болуы Қазақстан экономикасының, ғылымының алға қарқынды жыюжуының басты себепкері.

- Ортақ нәтижеге сүйенсек, қазіргі уақытта білім беруде кейбір қателіктер бой көрсетсе де, сапалы білімнің жоғары көтерілу қарқыны болашақта бәсеңдемейді. Бұл үрдіс қабылданып жатқан түрлі бағдарламалардың көмегімен жүзеге асып отыр.

Осы талаптарға сай жүргізілген дұрыс саясат барысында ғана және азаматтарның жоғары білімділік деңгейі арқылы Қазақстан әлемдік бәсекеге түсе алады.

Қазақстандағы әлеуметтік капитал деңгейінің артуы сыртқы елдер көзқарасымен өлшенеді. Яғни, біз әлемде бекітілген әлеуметтік өлшем бой-

ышна соңғы жылдары жақсы көрсеткіштерге иеміз. Бұған дәлел ретінде 2009 жылғы БҰҰ-ның Қазақстанды әлеуметтік потенциалы жоғары елдер қатарына қосуын айта аламыз.

Сонымен қатар келесі жетістіктер әлеуметтік капиталдың елде артуын білдіретін фактілердің бірі: соңғы он жылда мемлекетімізде 652 мектеп, 460 денсаулық сақтау мекемелері салынды, 32 мың км. автомобиль жолы жөндеуден өтті және 350 мың жанұя үймен қамтамасыз етілді.

Әлеуметтік капиталды алдағы онжылдықта дамыту үшін елдегі экономикалық өсуге қатты көңіл бөліп, жаңа мүмкіндіктерге жол ашуымыз керек. Бұл үрдіс, Елбасымыздың айтуы бойынша, келесі жолмен жүзеге асуы тиіс:

- Экономиканы дағдарыстан кейінгі дамыту кезеңіне дайындау;
- Индустрияландыру мен инфрақұрылымды дамыту арқылы экономиканың көтерілуіне жағдай жасау;
- Әлеуметтік капиталдың бәсекеге қабілеттілігін арттыру мақсатында болашаққа зор инвестиция жасау;
- Ел азаматтарын мемлекет тарапынан әлеуметтік және тұрғын – үй жағдайымен қамтамасыз ету.

Елбасының тапсыруы бойынша қазіргі кезде әлеуметтік жоба жүзеге асырылуда. Жоба бойынша мемлекеттік-жеке меншік серіктестік механизмдері негізінде мектептер мен ауруханаларды тұрғызу болып табылады. осы мақсатта «Әлеуметтік инновациялық технологиялар» акционерлік қоғам ұйымы құрылу үстінде. Бұл мекеменің басты бағыттары деп «Мемлекеттік-жеке меншік серіктестік негізіндегі 100 мектеп пен 100 аурухана салуды» қолдап, әлеуметтік салаға инновациялық технологияларды енгізу бекітілді. Сонымен қатар бұл ұйым айтылған жобаның, инжинирингтік қызметтердің, халықаралық аудиттің іске асуын қадағалайды және сыртқы қаржының елде шоғырлануын қамтамасыз етеді.

Қорыта келе білім, денсаулық және халықтың жалпы әл-ауқаты мемлекетімізді алға тартатын, тұрақтандыратын, елімізді гүлдендіретін басты, негізгі әлеуметтік факторлар әрі өзге елдермен теңестіретін көрсеткіштер болып табылады. Сондықтан осы әлеуметтік үш көрсеткішті үнемі жоғары деңгейде ұстасақ қоғам азаматтары өздерінің жарқын болашағына сенеді және келесі ұрпақ өз еліне риясыз қызмет ете алады.

Әдебиеттер

1 *Вологин Е.А.* Экзистенциально-гуманистическая антропология Н.А. Бердяева: Диссертация на соискание ученой степени кандидата философских наук. Москва: – МГУ, 2003. – 125 с.

2 *Нифаева О.В.* Морально-нравственные основы человеческого и социального капитала: проблемы терминологии и классификации // Креативная экономика. – 2014. – № 9 (93). – С. 70-82.

3 Некрасова Н.А., Харченко Е.В. Источники накопления и составляющие человеческого капитала // Креативная экономика. – 2014. – № 3 (87). – С. 11-22.

4 Қазақстан Республикасы Ұлттық Экономика Министрлігі Статистика комитетінің сайты // <http://www.stat.gov.kz>.

5 Тоффлер Э. Третья волна. 1980. – М.: АСТ, 2010. – 784 с.

6 Балаларды мектепке дейінгі тәрбиемен және оқытумен қамтамасыз ету жөніндегі 2010–2020 жылдарға арналған ҚР «Балапан» бағдарламасы.

Резюме

Абдигалиева Г.К., Килыбаев Т.Б. Человеческий капитал – главная ценность нации в условиях информационного общества

В статье рассматриваются вопросы развития человеческого капитала как основного фактора развития стратегических сфер страны. Автор приводит теории видных ученых-социологов и на их основе делает сравнительный анализ процесса развития человеческого капитала и их составляющих в Казахстане и зарубежом. Также представлен мини-анализ теории О.Тоффлера об информационном обществе и особенности развития человеческого потенциала в нем.

Summary

Abdigalieva G.K., Kilibayev T.B. Human Capital – the Main Value of the Nation in the Information Society

Actual issues of development of the human capital as the main factor of development of strategic spheres of the country are considered in article. The author provides theories of prominent scientists-sociologists and on their basis does the comparative analysis of development of the human capital and their components in Kazakhstan and abroad. The mini-analysis of the theory of O. Toffler about information society and human development in it is also provided.





Мұрат Сейтасқаров

ҚАЗАҚ ХАНДЫҒЫНЫҢ ҚҰРЫЛУЫ, ОНЫҢ НЕГІЗІН САЛУШЫЛАР ЖӘНЕ «ҚАЗАҚ» ЭТНОНИМИ ЖАЙЛЫ

Аннотация. Қазақ хандығы құрылған уақытқа дейін де бүгінгі қазақ жерінде қаншама мемлекеттіктер мен хандықтар өмір сүріп, билік құрып келді. 1465-66 жылдары құрылған Қазақ хандығы тарихының бастау алуы Керей және Жәнібек хандар атымен тікелей байланысты. Қазақ мемлекетінің алғашқы хандық құрылғаннан кейінгі төрт ғасырлық шежіресінде халқымыздың қасиетін арттырып, ел іргесін бекіте түсуге ұйытқы болған көптеген ірі тарихи тұлғаларымыз ел басқарды. XV ғасырдың аяғы мен XVI ғасырдың басында қазақ халқы қалыптасып, «қазақ» сөзінің халық аты ретінде берік орныққаны тарихтан мәлім. Сол заманнан бері «қазақ» атауы туралы, оның шығуы, пайда болуы жайлы алуан түрлі пікірлер айтылып та, жазылып та келеді.

Түйін сөздер: қазақ хандығы, қазақ мемлекеттілігі, хандықтың құрылуы, хандықтың негізін салушылар, қазақ этнонимі.

Ұлы даланың ықылым заманнан билеушілері болды. Қазақтардың өз дамуында мемлекеттілік дәрежеге қолдары жетпеді деушілер сол баяғы, XVIII ғасырдан бергі көшпелілік пен мемлекеттілік бірін-бірі жоққа шығарады-мыс секілді болжамдарға сүйенеді. Олар қазақтарды жыл маусымдарына орай көшіп-қонуды ғана білетін адамдар тобыры ретінде ғана қабылдайды. Кеңес заманында да қазақ мемлекеттілігіне деген көзқарас оңына өзгере қойған жоқ. Ол уақытта «қазақтарда мемлекет болды» деген сөз үшін ғана оның авторына «ұлтшылдық» айыбы тағыла салатын. Кеңес дәуірінің идеологиялық сарыны бойынша мемлекеттік тарихымыз үзікті, яғни бірі құлап жойылып, орнына басқасы келеді, бір-біріне жалғаспайды делінетін. «Қазақтарда бұрын мемлекет болмады» дейтін пікірлер ол авторлардың «мемлекеттің» әдебиеттердегі жүздеген анықтамаларының ішінде «классикалық» саналатын кейінгі батыстық моделін ғана мойындайтындығынан да орын алып жүр.

Дүниежүзінің көптеген ғалымдарының Еуразия тұрғындарының әлемдік өркениетке сүбелі үлес қосқандығын жазып жүргендігі бүгін ғана емес. Мысалы, Гельмгольттың «Адамзат тарихында...»: «Сонау көне заманнан қазіргі уақытқа дейін Орталық Азия мен оның тұрғындары бүкіл адамзат баласына зор ықпал жасап келеді. Орталық Азиясыз оған көршілес

жатқан елдердің тарихы қаншалықты түсініксіз болса, шығыстағы Қытай, Батыстағы Жерорта теңізі маңайындағы мемлекеттер мен оңтүстігіндегі Үндістансыз ортаазиялық елдердің тарихы соншалықты бұлыңғыр көрінер еді», – деген екен [1]. Профессор И.С. Брагинский: «Орта Азия – адамзат өркениетінің алғашқы ошағының бірі ретінде есептеледі», – деп жазды. Қазақ мемлекеттілігін жоққа шығаруға тырысушылық астарында геосаяси мәселелер жатыр және мұнымен сабақтас ғылыми зерттеудегі қиыншылықтар да бар [2].

Бүгінгі қазақ жеріне қатысты тарихта қаншама мемлекеттіктер мен хандықтар өмір сүріп, билік құрып келді: Сақтар (б.з.б. VII ғ. – б.з. II ғ.), Сарматтар (б.з.б. III ғ. – б.з. IV ғ.), Ғұндар (б.з.б. III ғ. – б.з. I ғ.), Үйсін мемлекеті (б.з.б. II ғ. – б.з. I ғ.), Қаңлы мемлекеті (б.з.б. II ғ. – б.з. V ғ.), ... Түрік қағандығы (552 – 745 ж.ж.), ... Қарахан мемлекеті (X – XII ғ.ғ.), ... Қыпшақ хандығы (XI – XIII ғ.ғ.), ... Найман мемлекеті (XI – XIII ғ.ғ.), Керейт хандығы (IX – XII ғ.ғ.), Шыңғыс хан империясы (XIII ғ.) т.с. Әрбір мемлекеттің, немесе хандықтың Ұлы дала тарихында ғана емес, әлем өркениеті тарихында да өз орны, өзіндік атқарған миссиясы болды. Сайын дала ешқашан иесіз жатқан емес.

Қазақстан жерінде қола дәуірінен бері көшпелі мал шаруашылығы қалыптасқан. Соның нәтижесінде сақ, үйсін, қаңлы, түрік дәуірлерінен бері оларда ортақ тіл, дін, ортақ діл қалыптаса бастады. Түрік дәуірінде олардың барлығы «түріктер» деп аталды. Қазір де «түркі тілдес» деп аталамыз. Түркі тіліне негізінен оғыз, қарлұқ, қыпшақ тілдері жатса, қазақ тілі қыпшақ тіліне кіреді. Қыпшақ хандығы бел ала бастаған кезеңнен бүгінгі Қазақстан аумағы Дешті Қыпшақ атала бастағаны белгілі. Моңғол жаулап алушылығы кезінде саяси келбетін жоғалтса да этникалық келбетін жоғалтпаған қыпшақта моңғолдан соң «қыпшақтар» мен бірге арабтар көбірек қолданған «өзбектер» атауы қолданыла бастады. Хандықтың оң бөлігі «өзбек» аталса, сол бөлігі, бүгінгі Қазақстан жері «көшпелі өзбек» аталды. Көшпелі өзбектер: маңғыттар, шибандықтар (Шибан – Жошының бесінші ұлы) және ордаежендіктер (Орда Ежен–Жошының үлкен ұлы) деп үшке бөлінді. Әбілқайыр хандығының ыдырауына байланысты маңғыттар Ноғай ордасы болып бөлініп кетсе, Шибандықтар екіге бөлініп, бір бөлігі Ядгар ханды, екінші бөлігі Әбілқайыр жағын қолдады. Ордаежендіктер Керей мен Жәнібекті қолдап, осы тайпалар кейін Қазақ хандығының негізін құрады.

Алтай тауларынан Дунайға дейінгі ұлан-байтақ аймақты қамтыған Алтын Орда атты алып мемлекеттің еуропалық бөлігі – оң қанат, ал азиялық бөлігі – сол қанат деп есептелген. Көрнекті қаламгер М. Мағауин «Қазақ тарихының әліппесі» деген еңбегінде: «Алтын Орданың оң қанаты – Ақ Орда, сол қанаты – Көк Орда деп аталады. Бұл арада көне түрік тілінде ақ сөзі – батыс, көк сөзі – шығыс дейтін мағына беретінін айту керек...

Алтын Орданың шығыс бөлігі, яғни Көк Орда негізінен қазіргі Қазақстан Республикасының территориясын қамтиды» деп тұжырым жасайды [3]. Сонда, бүгінгі алаш елінің түп қазығы – көне Түрік қағанаты, Алтын Орда – одан кейінгі бабаларымыз орнатқан ұлы мемлекетіміз, Көк Орда қазақ этникалық бірлігі, яғни қазаққа ғана тән мемлекет болса, Қазақ хандығы бүгінгі төл есімімізбен көрінген, қазақ этносының түбегейлі орныққан, тәуелсіз мемлекеттік құрылымы.

Барақ ханның кезінде Көк Орда қуаты артып, өз алдына дербес мемлекет ретінде танылды. Барақ ханның қазасынан соң ауыз бірлігі кеткен Алтын Орда ыдырауға бет алды. Оның шығыс бөлігінің де берекесі кетіп, сұлтандар билікке таласып, осыдан мемлекет тамыры күннен-күнге әлсірей бастады. Іргесі сөгілген Көк Орданың орнына Әбілқайыр хандығы мен Ноғай одағы құрылды. Таразы басын тең ұстай алмай, Орта Азия бөлігіне көбірек бүйрегі бұрған Әбілқайыр ханның ұстанымы беделді деген сұлтандардың бір бөлігінің наразылығын туғызды. Нәтижесінде ішкі билікке таласқан қақтығыстар хандық іргесін шайқалтып, елді күйзелтті. Әбілхайыр хан маңайындағы сұлтандарға қатал болып, билік үшін күресте бәсекелестеріне қысым жасады. Бейбіт өмірді, тәуелсіз тіршілікті қалаған халық Әбілқайыр билігінен құтылуға асықты. Міне осы шақта Көк Орданың белді билеушісінің бірі болған Орыс ханның ұрпақтары Керей мен Жәнібек сұлтандар Әбілқайыр ханның үстемдігіне қарсы көтерілгендердің басшыларына айналды.

Қазақ хандығының пайда болуының өзі Шыңғыс ұрпақтары – Әбілхайыр хан және оның жақын туысқандары **Керей мен Жәнібек сұлтандардың** есімдерімен тікелей байланысты. *«Муиз әл-ансаб»* (XV ғ.) және *«Нусратнама»* («Жеңіс кітабы») (XVI ғ.) сияқты Жошы әулетінің ататегі толық көрсетілген еңбектеріне сүйенсек, Керей мен Жәнібек Орыс ханнан үш-төрт ата кейін тарайтын туыс ағайындар екен. Керейдің ата-тегі: Орыс хан, Тоқтақия, Әнеке-Болат, Керей. Жәнібектің ата-тегі: Орыс хан, Құйыршақ (кейбір деректе – Қойыршақ, Орыс ханның төртінші ұлы), Барақ, Жәнібек.

Қолдаушылары жеткіліксіз, әрі билеушілеріне тәуелді Керей мен Жәнібек сұлтандар Әбілхайыр тарапынан қауіп-қатерді сезінген сайын одан бойларын қашық ұстауға тырысты. Анық қауіптің таяғанын білген кезде олар өздеріне ерген барлық жұртымен Моғолстан (Шағатай ұлысының шығыс өңіріндегі қазіргі оңтүстік-шығыс Қазақстан, Қырғызстан, Шыңжаң аумағы) бағытына көшуге мәжбүр болады. Тарихшы Т.Сұлтановтың пайымынша Әбілхайыр ханның үлкен ұлы Шах-Бұдақ сұлтанның өлтірілуі сұлтандармен арадағы қатынасты одан әрі шиеленістірді [4]. Тұңғыш ұлының кегін қайтару мақсатымен Әбілхайыр хан Дешті Қыпшақ еліндегі Жошы әулетіне жататын біраз шахзадалардың түбіне жетіп, тоз-тоз қылып жіберді дейді. Шәкәрім Құдайбердіұлының пікірінше сұлтандардың көшіп кетуіне қара қыпшақ

Қобыланды мен арғынның танымал биі Ақжолдың өлтірілуі тікелей себеп болған. Ақжол би Әбілхайырды қолдаушы Қобыландының қолынан қаза тапса, Керей мен Жәнібек Ақжолдың құнын сұраушылар қатарында болған. Әбілхайыр ханның қара қыпшақ Қобыландыны жазалаудағы солқылдақ саясатына наразы болып, нәтижесінде Қобыландыны мерт қылған топ арасында Жәнібек сұлтан да бар деген дерек тараған болатын.

Керей мен Жәнібек Жайық (Орал), Арал және Еділ (Волга) бойынан, яғни Ноғай Ордасы жағынан Жетісуға қарай көшеді. Көшудің 1450-1460 жылдары болғаны, Моғолстанда сұлтандарды Есенбұға хан құрметтеп қарсы алып, оларға Шу өзені бойындағы Қозыбасыны бергені туралы Мұхаммед Хайдар Дулати «Тарихи Рашиди» еңбегінде жазады: «Сол заманда Әбілхайыр ханның Дешті-Қыпшақ даласында түгелдей билік жүргізіп отырған кезі еді. Жошы ұрпағының сұлтандары жорық жасап, Жәнібек хан мен Керей хан одан қашып, Моғолстанға кетіп қалған еді. Есенбұға хан оларды құрметтеп қарсы алып, қоныстануға Моғолстанның (қазіргі кезеңде бұл мекен – Хантау, с.с. Хан тауы (төбесі) деп аталынады) батыс жағындағы Шу өзені алабындағы Қозыбасыны берді. Олар бұл аймақта тыныш өмір сүрген.

Әбілхайырдан Керей мен Жәнібектің бөлінуі қазақ мемлекеттігінің құрылуының алғашқы қадамы ғана болған еді. 1462 жылы Есенбұға қайтыс болуына байланысты Моғолстанда өзара қырқыстардың басталуы Керей мен Жәнібектің саяси бағыттарының өзгеруіне негіз болды. Өжет қазақ сұлтандары Моғолстан билеушілеріне бағынудан бас тартып қана қоймай, Жетісу аумағын өздеріне бағындырып, таққа отырды. Осы кезден бастап олар хандар атала бастайды. Бұл жөнінде Махмуд ибн Уәли «*Бахр аласрарында*»: «Алдымен падишах атанғаны – Керей, яғни қазақтардың аға хан көтерген адамы – сол», – дейді.

Әбілхайыр хан 1468 (1469) жылы сұлтандарға қарсы соғысқа шығады. Бетпе-бет келген екі жақ бір-біріне қарсы қимыл жасамастан үш күн тұрады. Ұрысқа бармауларының басты себебі – екі жақтың бір-біріне туыстықтары еді. Ақырында ұзақ қимылсыздықтан соң ұрыссыз тарайды. Қайтар жолда безгек ауруына шалдыққан Әбілхайыр қайтыс болады. Әбілхайыр хан қайтыс болған соң Өзбек ұлысы бір-бірімен шайқасып, араларында үлкен келіспеушілік туды. Жұрттың көпшілігі Керей хан мен Жәнібек ханның жанына кетіп қалды. Олардың саны екі жүз мың адамға жетті, оларды өзбек-қазақ деп атай бастады. Қазақ сұлтандарының алғаш билік жүргізуінің басы 870 (1465-1466) жылдан басталады. 940 (1533-1534) жылға дейін қазақтар Өзбекстанның көп бөлігіне өз биліктерін толық жүргізген еді». Т.Сұлтановтың пікірінше 1470 жылы, Әбілхайыр хан қайтыс болғаннан кейін Керей мен Жәнібектің Әбілхайыр иелігіне қайтып оралып үлкен билік басына келуі қазақ хандығы құрылуының шешуші түйіні болды. Ал қазақ хандығының басталуы 1465 жыл болып қалады. К.Пищулинаның пікірінше Қазақ хандығы Батыс Жетісуда (Шу мен Талас алқаптары) бастап құрылған [5].

Керей мен Жәнібек Дешті Қыпшақ даласын түгелдей Қазақ хандығының иелігіне тартты. Әртүрлі ұлыстарда бытырап жүрген рулар енді қазақ деген ұлттық атауға ие болды, жеке халық, дербес мемлекет ретінде тарихқа енді. Халқының саны бір миллионға жетті. Ол уақыт мұнша халқы бар ел көп емес еді. Өз алдына хандық құрған Қазақ мемлекетінің ұлттық ұраны «Алаш», мемлекеттік елтаңбасы – «Төре таңба», көне түрік заманынан келе жатқан бас таңба. Бас байрағы – төре таңбалы қызыл ту, ал Астанасы – қасиетті Түркістан қаласы болды.

Ал «Алаш» этнонимінің пайда болуы әлі де анық емес. Белгілісі оған қазақ, ноғай, өзбек, қырғыз, түркімен, қарақалпақ кіреді. Қазақ хандығының құрамында қазақтардың өздерінен басқа өзбектер, ноғайлар, қырғыздар, қарақалпақтар, қалмақтар, солтүстік кавказ халықтарының өкілдері және араб қожаларының ұрпақтары кірді.

Әбілқайырдың немерелері жас күндерінде «қазақ» болған, яғни ата-бабасы жолы – еркін қазақ жолында болған. Батыста, Маңғыстауда қазақ жолын ұстанған Мұхаммед Шейбани кейін Түркістанға көшкенде өздерін «өзбектер» деп атайтын тайпаларды басқарады. Сөйтіп, «көшпелі өзбектермен» Мәуереннахрды жаулап алуға кіріседі. Отыз жыл бойы қазақ даласына дүркін-дүркін соғыс ашып, бейбіт елдің берекесін қашырады. Отыз жылға созылған басқыншылық соғысқа қарсы тұрып, Орта Азия әміршісі Мұхаммед Шайбаниді біржола талқандағаннан соң Қазақ хандығының мерейі артып, даңқы төрткүл дүниеге тарайды.

Керей хан мен Жәнібек ханның нақ қашан өлгені де, жерленген жері де белгісіз. Бір аңыз бойынша Керей Астана қаласынан солтүстік бетте 100 шақырым жерде, ал Жәнібек Оңтүстік Қазақстан облысындағы Созақтан (Сығанақ) алыс емес жерде жерленген деп айтылады (Есім ханнан бастап қазақтың хандары мен сұлтандары Түркістандағы Қожа Ахмет Яссауи кесенесінің жанына жерлене бастаған). Жошы әулетінің шежіресі бойынша Керейдің Бұрындық, Қожа Мұхаммед, Сұлтан Әли аталған үш ұлы, бірнеше қызы болған. Көп жазбаларда Жәнібек есімі тек Керей хан есімімен бірге аталады. Оның шын аты *Әбу Саид* екен. Оның тоғыз ұлы, бірнеше қызы болған.

Керей хан мен Жәнібек хандарды бір-бірінен ажырата бағалау артық. Екеуі де елі үшін бастарын бәйгеге тікті, ұлты үшін аянбады, екеуін де халқы құрмет тұтты. Қазақ хандығы құрылғанда әуелі жасы үлкен Керей хандық тізгінін ұстайды, кейін Жәнібек билік жүргізеді. Жәнібек ханның тұсында хандық іргесін нығайтуда көп істер атқарылады. Халқымыз шежіресінде Жәнібек ақылгөй, әділ басшы ретінде қалған. Ақылы мен іскерлігі үйлескен Жәнібек хан өзі хандық құрған уақытта мемлекет құрылымын, оның басқару және заңдық жүйелерін, әскери тәртіптерін жасаған, оны берік орнықтырған. Сонымен бірге Жәнібек хан хандықтың әкеден балаға түрінен, ағадан ініге деп көшіруі ағайын арасындағы ауыз бірліктің, ел арасындағы ынтымақтың берік болуына негізделген көрегендік саясат еді.

Бұл қазақ хандығының «алтын ғасырының» басталымындағы алғашқы ұлағатты ұстанымдардың бірі болатын. Жәнібек ханның өзінің тоғыз ұлы бола тұра өзінен кейін таққа ағасы Керейдің ұлы Бұрындықтың келуі осы ізгілікті үрдістің орын алуының нақты куәсі еді. Бұрындық хан Қазақ Ордасы ішінде ешбір алауыздық болдырмады. Ол Жәнібек ханның ұлағатты ұстанымын жалғастырушы болды.

Қазақ мемлекетінің алғашқы хандық құрылғаннан кейінгі шежіресінде халқымыздың қасиетін арттырып, ел іргесін бекіте түсуге ұйытқы болған ірі тарихи тұлғаларымыз: Қасым хан, Хакназар хан, Тәуекел хан, Есім хан, Жәңгір хан, Тәуке хан, Абылай хан, Кенесары хандар Жәнібек ханның тікелей ұрпақтары болып келеді.

прочнее государство, тем более расцветает национальная культура, и, наоборот, чем более сохранена и развита, а также продолжает развиваться национальная культура, тем более мощным является национальное государство. Но без развитого субъекта не будет ни того, ни другого. Поэтому-то глобалисты и ведут наступление по всем трём направлениям и особенно – по третьему – по этническому и национальному человеку. И основополагающая цель всех этих усилий глобалистов состоит в «одном: чтобы ресурсы всего мира поскорее стали “глобальными”, то есть доступными для избранного золотого миллиарда» [2, с. 13]. В этой связи национальные государства должны всемерно оберегать свои национальные культуры и способствовать их развитию, ибо не только национальное государство есть гарант национальной культуры, но и наоборот, полноценная национальная культура – гарант стабильности и сохранности национального государства.

Литература

- 1 *Хамидов А.А.* Проблема глобализации без альтернативы: глобализм или антиглобализм // Евразия. – 2005. – № 1. – С. 322.
- 2 *Панарин А. С.* Испытание глобализмом. – М.: 2000. – 250 с.
- 3 *Ортега-и-Гассет Х.* Восстание масс // Он же. Восстание масс. – М.: 2002. – С. 265.
- 4 *Бодрийяр Ж.* Фантомы современности // Ясперс К., Бодрийяр Ж. Призрак толпы. – М.: 2007. – С. 202–204.
- 5 *Грушин Б. А.* Массовое сознание. Опыт определения и проблемы исследования. – М.: 1987. – С. 144–145.
- 6 *Бодрийяр Ж.* Общество потребления. Его мифы и структуры. – М.: 2006. – 305 с.
- 7 *Дилигенский Г. Г.* Историческая динамика человеческой индивидуальности // Одиссей. Человек в истории. 1992. Историк и время. – М.: 1994. – 92 с.
- 8 *Лебон Г.* Психология масс // Психология масс. Хрестоматия. – Самара: 1998. – 11 с.
- 9 *Московичи С.* Век толп. Исторический трактат по психологии масс. – М.: 1998. – 41 с.
- 10 *Кара-Мурза С. Г.* Манипуляция сознанием. – М.: 2001. – 17 с.
- 11 *Лекторский В. А.* Личная и коллективная идентичность в условиях глобализации // Философия в контексте глобализации. – Алматы: 2009. – С. 189.
- 12 *МакНейр Б.* Стриптиз – культура. Секс, медиа и демократизация желаний. – Екатеринбург: 2008. – 232 с.

Түйін

Симуканова Г.С. Бұқаралық мәдениет пен қоғамдық сананы билеп-төстеу ұлттық мәдениеттің дамуына кедергі келтіретін жағымсыз факторлар ретінде

Мақалада ғылыми тұрғыдан «бұқаралық мәдениет», «бұқаралық қоғам» түсініктері қарастырылып, жаһандану жағдайында олардың мәні ашылып көрсетіледі. Олардың ұлттық сана-сезім, мәдениет, ұлттық мемлекетке әсері мен оларды одан қорғаудың жолдары көрсетілген.

Summary

Simukanova G.S. Mass Culture and Manipulation of Public Opinion as a Negative Factor for the Development of National Culture

The article discusses the concept of «mass cul-ture», «mass society» and opens up their content in the context of globalization. There are indicated their negative impact on the national consciousness, culture and national government, as well as ways to protect them.





УДК 297.18

*Алий Альмухаметов,
Олжас Шаяхметов*



**ЦИТАТЫ ИЗ КОРАНА И ХАДИСОВ
КАК ЭТАЛОН НОРМАТИВНОСТИ
В ТОЛКОВЫХ АКАДЕМИЧЕСКИХ
СЛОВАРЯХ СОВРЕМЕННОГО
АРАБСКОГО ЯЗЫКА
НА МАТЕРИАЛЕ «БОЛЬШОГО СЛОВАРЯ»
КАИРСКОЙ АКАДЕМИИ АРАБСКОГО ЯЗЫКА**

Аннотация. Статья поднимает вопросы нормативности в современных толковых словарях арабского языка, рассматривается сама концепция «современного литературного языка». Впервые на фактических примерах по материалу «Большого словаря» Каирской академии рассматриваются цели и функции коранических цитат и отрывков из пророческих преданий, применимых в современных словарях арабского языка, затрагиваются дискуссионные вопросы о методах и критериях отбора цитат религиозного характера и их эмпирическая доля в семантизации лексических единиц.

Ключевые слова: цитата, лексикография, коранический аят, хадис, иллюстративный пример

«Большой словарь» (БС) Каирской академии претендует на звание современного толкового словаря арабского языка академического типа, структура которого отражает новейший подход в отборе, аранжировке и подачи лексики, применимый сегодня в арабской лексикографии. По утверждению составителей словарь содержит не только основной современный лексический состав, но также отражает все периоды развития литературного языка. Авторы выставляют словарь в качестве представителя совершенно нового этапа в истории формирования арабской лексикографии. В предисловии к первому тому словаря имеется важное указание на позицию составителей, заявляющих, что «арабский язык имеет бессмертное прошлое, активное настоящее и перспективное будущее, посему не справедливо отдавать предпочтение одним временным отрезкам оставив без внимания другие. В современном словаре должны отражаться все эпохи развития языка, в равной степени цитироваться тексты как раннего периода, так и нынешнего времени» [1].

Понятие «современный арабский язык» довольно часто используется авторами нынешних лексикографических и лексикологических трудов, таких как «منجد في اللغة العربية المعاصرة» «Помощник по современному арабскому языку», «معجم اللغة العربية المعاصرة» «Словарь современного арабского языка», «في اللغة العربية المعاصرة» «Словарь идиоматических выражений в современном арабском», «أخطاء اللغة العربية المعاصرة عند الكتاب والإذاعيين» «Ошибки в современном арабском»

языке, допускаемые писателями и журналистами» и многие другие. Согласно ряду арабских лингвистов, под «современным арабским» сегодня принято понимать общий для всех регионов арабского мира и за его пределами язык, являющийся средством официальной коммуникации, языком образования, писателей и прессы. Вместе с тем понятие «современный арабский» не редко используется в сочетании со словом «الفصحى», как «الفصحى المعاصرة», «فصحى العصر», «العربية الفصحى المعاصرة», «العربية الفصحى الحديثة», который как известно, ранними языковедами применялся исключительно по отношению к нормативной лексике периода красноречия. Сторонники единого корпуса, отстаивают позицию неделимости, где классическая и современная лексика формируют так называемый единый общий язык «اللغة المشتركة», актуального для всех регионов арабского мира. Более того корпусный подход, как метод лингвистического исследования, все больше применяется на базе корпусов текстов западных источников. Текстовые массивы на английском, немецком и французском языках, отражающие реальное функционирование в интеллигентных кругах, сегодня в арабской среде все чаще рассматривается как неотъемлемое требование, учитываемое при разработке словника академических и учебных словарей. Согласно «Словарю современного арабского языка», составленного под руководством Субхи Хамауи, корпус современного арабского языка включает: 1) всю лексику и выражения прямого и метафорического значения, которая могла бы послужить эквивалентом для лексики использованных во французских и английских словарях, т.к. их корпус содержит всю необходимую для изъяснения своих чувств и мыслей лексику, применяемой представителями современной западной интеллигенции; 2) все слова и выражения, находящиеся сегодня в реальном применении и не имеющие эквивалентов в английском и французском языках [2]. Подобная новаторская тенденция в современных арабских лексикографических справочниках появилась сравнительно недавно и является ничем иным как дополнением к устоявшейся консервативной классической тенденции нормативности, которая в свою очередь, базируется на проверенных авторитетных письменных памятниках, в авангарде которых выступает лексический корпус Священного Корана.

«Жемчужина речи арабов» – так охарактеризовал кораническую лексику один из выдающихся ученых арабского языкознания ар-Рагиб аль-Асфхани. Согласно консенсусу среди арабских ученых Коран – это не только величайший литературный памятник, не имеющий аналогов по стилю и содержанию, но и один из первостепенных языковых ресурсов, на базе которых, осуществлялось объяснение всех языковых закономерностей, а также оценка литературности и степени красноречивости того или иного текста. Коранический текст был удостоен внимания, какого не удостоивался ни один письменный источник. Каждое кораническое слово, буква, вплоть до огласовок тщательно сверялась знатоками Корана, поименно известны лица, передававшие Коран,

составляющие неразрывную цепь передатчиков, доходящую до наших дней. Строгие требования к точной передаче Корана и его заучивание наизусть обусловило формирование литературного арабского языка в первую очередь, как языка Корана. Поэтому цитирование коранических текстов являлось обязательным условием общих арабских словарей всех периодов. Более того, не было ученого-грамматика, чьи труды не содержали бы коранические цитаты, применявшиеся для подтверждения того или иного грамматического явления, А. Омар в словаре коранической лексики «معجم القراءات القرآنية» отмечает, что не существовало ни одного лингвиста, выступившего с критикой по отношению к степени красноречивости коранических текстов или выявившем в них стилистические недостатки [3]. Неподражаемость коранического стиля, устоявшиеся правила системы размеров и долготы слогов, схемы рифмовки и другие стилевые особенности, продиктованные строгим классическим стилем арабской риторики, отражающиеся в мудрых и глубоких поэтических и прозаических изречениях глубоко ценились лексикографами, включающими красноречивые фрагменты в иллюстративную зону своих словарей. Лексика и стиль Корана присутствуют во всех ключевых этапах жизни мусульманина, на обязательных пятничных проповедях, ежедневных молитвах, в ритуалах брака и развода, при рождении и на похоронах, кораническим духом пропитан весь фольклор исламского периода, эпические произведения, мудрые высказывания.

Другим источником корпуса современного арабского языка, а также неотъемлемым компонентом иллюстративной зоны большинства арабских словарей выступают пророческие предания. Хадисы являются важнейшим каноническим источником, на котором строится большая часть религиозно-правового института ислама. В отличие от коранических текстов отнюдь не все пророческие предания могут выступать в качестве аргументирующей цитаты. Согласно ас-Суюти среди ученых – лингвистов раннего периода, не допускавших цитирования хадисов в качестве языкового довода, выступали виднейшие представители арабского языка, как аль-Халил Ибн Ахмад, Сибавейхи, аль-Кисаи, а также все ученые-грамматики Багдада и Андалусии [4]. Аль-Багдади в трактате под названием «خزانة الأدب» приводит высказывание Абу Хайяна, который абсолютизирует утверждение, что все первые и последующие знатоки арабского придерживались мнения о недопустимости использования хадисов в качестве языкового довода [5].

В отличие от коранических текстов, передававшихся дословно и побуквенно, в передаче хадисов допускается отклонение от дословной формы предания, с акцентированием внимания на смысле передаваемого. Согласно утверждению А.Фишера причиной воздержания ранних лингвистов от цитирования хадисов было то, что большинство передававших их не были арабами, а если и были, то относились к поздним поколениям «المولدون», которые допускали ошибки и были менее красноречивы нежели их предшественники.

Между тем, другие средневековые арабские лингвисты придерживались мнения о дозволенности использования хадисов в качестве языкового аргумента. В частности, такие ученые, как Ибн Манзур, Ибн Харуф, Ибн Малик считали, что не мало хадисов, передававшихся от Пророка, имели статус «القدسي», т.е. хадисы, смысл которых исходил от самого Бога, в силу чего подобного рода предания передавались с особой бдительностью [6]. Степень достоверности передававшихся хадисов была тщательно изучена и отражена в классифицирующих трудах ученых – хадисоведов. На основании сборников достоверных хадисов – «ас-сахих» – лексикографы без труда могли отличить дословное предание от неточных сообщений. Поэтому даже самые ранние словари, как «عين» аль-Халиля Ибн Ахмада и более поздние, как «الجمهرة» Ибн Дурейда, «التهذيب» аль-Азхари, «الصحاح» аль-Джаухари, «المحكم» Ибн Сиды, «النهاية» Ибн аль-Асира, «لسان العرب» Ибн Манзура содержат объемный цитатный материал, заимствованный из хадисов. Анализируя типологию цитат, выступающих в роли языковых аргументов, М. Хусейн отмечал, что хадисы, содержание которых указывает на неподражаемую красноречивость Пророка или содержат лексику, употребляемую в религиозных обрядах, особенно отличаются точностью передачи и соответственно могут цитироваться в лингвистических трудах в качестве аргумента [7].

Как правило, религиозные тексты в словарях выполняли ряд функций, которые определяли уникальность арабской лексикографической традиции. Помимо лингвистической и контекстуальной функций, цитаты из Корана и хадисов выполняли стилистическую, идеологическую и познавательную роль. На примере «БС» множество словарных статей содержат иллюстративные примеры, чьи задачи выходят далеко за пределы сематизации вводного слова и снабжены также культурными, историческими и другими атрибутами. Всем кораническим отрывкам предшествуют вступительные фразы «تعالى» «وفي التنزيل» ««сказал Всевышний», «وفي القرآن الكريم» «в Священном Коране», «وفي النиспан» «в ниспанном слове». Подобного рода вступительные фразы указывают на особый статус цитаты, которые в словаре помещаются в традиционные узорные скобки ﴿﴾, тем самым обращая внимание пользователя на ее божественное содержание и напоминая, что литературный язык – это, прежде всего, язык первостепенных идеологических источников, а его искажение от литературных норм чревато отдалением от понимания ниспанного самим Аллахом.

В статье для слова «أسس» без урезания приводится полностью весь аят из суры «ат-Тауба»:

من الله ورضوان خير أم من أسس بنيانه على شفا جرف هار فانهار به في نار جهنم والله لا يهدي القوم الظالمين ﴿١٠٦﴾
﴿فمن أسس بنيانه على تقوى﴾

где для семантизации данной единицы безусловно было бы достаточно привести лишь первую часть отрывка. Тем не менее, ввиду значимости содержания цитаты, несущей в себе глубокие моральные ценности, вос-

питывающие в человеке богобоязненность и чистые намерения, принцип лаконичности, свойственный лексикографическим справочникам, в данном случае полностью игнорируется.

Как видно из следующих примеров для вводной единицы «كثر»:

﴿مما ترك الوالدان والأقربون وللنساء نصيب مما ترك الوالدان والأقربون مما قل منه أو كثر﴾
﴿الذين طغوا في البلاد {11} فأكثروا فيها الفساد﴾
﴿أهلهاكم التكاثر {1} حتى زرتم المقابر﴾
﴿يا معشر الجن قد استكثرتم من الإنس﴾
﴿ولكن أكثر الناس لا يعلمون﴾

в лексическом толковании словарной единицы у приведенных цитат доля не велика. Более того примеры не несут особой семантически значимой для дефиниции информации. Каждая из цитат содержит дериваты с единым корнем «كثر» и безусловно являются родственными с точки зрения словообразования, но тем не менее передающими отнюдь не один и тот же смысл. Очевидно, что прямым назначением данных цитат является ничто иное, как демонстрация толковательной способности коранических текстов, а также повод для обоснования значимой идеологической роли коранических текстов в словаре.

Хадисы в словаре имеют аналогичное воспитательно-информационное предназначение и подобно кораническим цитатам приводятся после вступительных фраз, причем их идеологическая предназначенность начинается именно с подобного рода вступлений. Так большинство отрывков из пророческих преданий начинаются со вступительных фраз, содержащих молитву за пророка или одного из его сподвижников: «قال رسول الله صلى الله عليه وسلم: «сказал пророк, да благословит его Аллах и приветствует» или «بن أبي طالب كرم الله وجهه» «в хадисе от Али ибн Абу Талиба, да возвеличит его Аллах», которые с одной стороны прививают симпатию и уважение к упоминаемым лицам за их заслуги перед мусульманами, а с другой могли бы указывать на их особый статус для пользователей не знакомых с ними. Важно отметить, что лексикографической традиции не свойственна многословность. Как лингвистический справочник словарь в первую очередь призван максимально лаконично отразить лексическое значение толкуемой единицы. Тем более, что в ряде примеров составители «БС» при цитировании хадисов обходятся лишь фразой «وفي الحديث» «в хадисе», что говорит об отсутствии категоричности в применении вышеуказанных вступлений.

Таким образом, коранические цитаты и отрывки из пророческих преданий являются первостепенными источниками современного корпуса литературного арабского языка и неотъемлемыми компонентами иллюстративной зоны арабского словаря. Цитатный материал данной категории наряду с толковательной функцией семантизации лексических единиц содержит познавательные, исторические, воспитательные, идеологические и моральные аспекты приводимых значений. Уходя корнями далеко в прошлое, дан-

ная тенденция нашла свое продолжение в современных лексикографических справочниках арабского языка, в том числе в «БС» Каирской академии, переплетаясь с новшествами современного подхода, тем самым добавляя уникальности арабской лексикографической традиции.

Литература

- 1 Большой словарь. Каирская академия арабского языка. – Каир, 2006. – Т. 1. – 700 с.
- 2 *Хамауи С.* Словарь современного арабского словаря. – Дамаск: Дар аль-Машрик, 2000. – 588 с.
- 3 *Омар М.* Арабское лингвистическое исследование. – Каир: Алям аль-кутуб, 1982. – 384 с.
- 4 *Ас-Суюти А.* Аль-Иктирах фи илм усулб ан-науху. – Каир: Гросс пресс, 1988. – 422 с.
- 5 *Багдади.* Хизанат аль-адаб. – Бейрут: Дар аль-кутуб аль-ильмия, 1998. – 510 с.
- 6 *Фишер А.* Исторический лингвистический словарь. – Каир: Каирская академия арабского языка, 1968. – 368 с.
- 7 *Аль-Хусейн М.* Исследования по истории арабистики. – Дамаск: Аль-Мактаб аль-ислами, 1960. – 346 с.

Түйін

Әлмұхамбетов А.Р., Шаяхметов О.М. Құран мен хадистердің дәйексөздері қазіргі араб тілінің түсіндірмелік академиялық сөздіктерінің нормаға сай болуының үлгісі ретінде (Араб тілінің Каир академиясының «Үлкен сөздігінің» мысалында)

Мақалада қазіргі араб тіліндегі түсіндірме сөздіктердің нормаға сай болу мәселесі көтерілген. «Заманауи әдеби тілдің» концепциясы қарастырылған. Каир академиясының «Үлкен сөздігінің» материалы бойынша дәлелдік мысалдарға сүйене отырып, құрандық сілтемелердің мақсаты мен қызметтері қарастырылады.

Summary

Almukhametov A.R., Shayahmetov O.M. Quotations from the Koran and the Hadith as a Benchmark in Intelligent Normative Academic Dictionary (Modern Arabic on the Basis of «Big dictionary» of Cairo Academy of Arabic Language)

The article raises the question of normativity in modern dictionaries of the Arabic language, considered the concept of «modern literary language». For the first time on the actual examples of the material «Big dictionary» of the Cairo Academy of Arabic language addresses the objectives and functions of koranic quotes and passages from the prophetic tradition, applicable in modern dictionaries of the Arabic language, addressed controversial issues of the methods and criteria for the selection of quotations of a religious nature and the empirical interest in the interpretation of lexical units.



Алау Адилбаев, Шамшат Адильбаева



**ИСЛАМ ҚҰҚЫҚ
МЕТОДОЛОГИЯСЫНДА
ҚҰҚЫҚТЫҚ НОРМАЛАР
БЕЛГІЛЕУДЕГІ ТІЛДІК
ҚАҒИДАЛАРДЫҢ РӨЛІ**

Аннотация. Өзіндік ерекшелікке ие ислам шарифатында фикһ негіздері немесе методологиясы ғылымының орны ерекше. Фикһ методологиясы ғалымдары дәлелдерден қандайда да бір үкім шығара білу мақсатында «діни» және «тілдік» қағидаларды негізге алады. Шарифат үкімдерінің қайнаркөзі болып табылатын Құран кәрім мен Пайғамбар сүннеті (с.а.с.) араб тілінде келгендіктен қандай да бір мәселеге қатысты дұрыс үкім шығара білу үшін араб тілінің ережелерін, грамматикасын, көркемсөзінің ерекшеліктерін білу – Ислам құқығында мужтахид ғалымдар немесе фикһ саласының мамандары үшін аса маңызды ғылыми шара болып табылады. Осы мақалада ислам құқық методологиясында көптеген пікірталастарға себеп болған мәселелердің бірі ретінде араб тілінің ерекшелігіне сай «хасс» (жалқылаушы) және «ғам» (жалпылаушы) сөздердің діни мәтіндерде келу ерекшеліктері мен олардың құқықтық нормалар белгілердегі маңызы көрсетіледі.

Түйін сөздер: Ислам шарифаты, құқық методологиясы, тілдік қағидалар, діни мәтіндер, құқықтық нормалар

Ислам шарифатында діни нормаларды белгілеуде фикһ негіздері немесе методологиясының өзіндік ерекше орны бар. Осы ретте ислам құқығында «Истинбат тәсілдері», яғни дәлелдерден үкім шығару тәсілдерін білу аса маңызды ғылыми шара болып табылады. «Истинбат тәсілдері» дегенде Құран мен сүннет мәтіндерін дұрыс түсініп, олардан үкім шығару мақсатында пайдаланған қағидалар меңзеледі. Фикһ методологиясы ғалымдары дәлелдерден қандайда да бір үкім шығара білу үшін «діни» және «тілдік» қағидаларды негізге алады.

Фикһ негіздері саласының ғалымдары діни мәтіндерді, үкімдерді, оларға қатысты себептерді, үкімдердің сүйенген негіздері мен олардың көздеген мақсаттарын әбден саралап барып, кейбір діни қағидаларды белгілеген. Осы діни қағидаларды білу діни мәтіндердің мағыналарын түсініп, үкімдер шығаруға қолғабыс жасайды. Сонымен қатар діни мәтіндер түрлі мағынаға келсе, яки бір-біріне қарама-қайшы болған жағдайда, осы қағидаларды негізге ала отырып, дәлелдердің қайсысын таңдап, қай мағынасын негізге алу қажеттігін де біле алады. Міне, діннің негізгі мақсатын жете түсініп, дұрыс үкім шығаруға қол жеткізу үшін осы сала ғалымдарының бекіткен қағидаларын білу аса маңызды. Өкінішке орай, қазіргі таңда ислам шарифаты

мен ғылым тарихын дұрыс білмейтін кейбір жастар «Құран мен хадистер тұрғанда ғалымдардың сөздеріне қандай қажеттілік бар?» деп асығыс үкім шығарып, мужтахид ғалымдардың құрған жүйелі мектеп (мәзһаб) жолымен жүруді дұрыс емес деп ойлайды. Біз бұл мақаламызда тілдік қағидалардың діни нормаларды белгілеуде қандай рөлге ие екендігін, құқықтанушы ғалымдардың неге бұларды кең талқылағандығын көрсетуге тырысамыз.

Мәлім болғандай діни үкімдердің негізгі қайнар көзі Құран мен сүннет араб тілінде. Араб тіліндегі сөз бен сөйлемдерден шығатын мағынаны анықтау үшін ол тілдің өзіне тән қағидалары мен тәсілдірен білу қажет. Өз кезегінде бұл қағидалар мен құралдарды тіл ғалымдары арнайы зерттеу арқылы белгілеген. Құран мен сүннеттің мағыналарын дұрыс түсініп, үкім шығыра алу үшін әрине осы қағидалар мен тәсілдерді жақсы меңгеру керек.

Ханафи ғалымдарының көзқарасы бойынша бір сөздің қай мағынада қолданылғанын анықтау үшін оны мына төрт тұрғыдан қарастыру қажет:

1. Қандай мағынада айтылғанына қарай;
2. Тура немесе ауыспалы мағынада қолданылғандығына қарай;
3. Қолданылған мағынаға дәлелдік тұрғысынан ашық немесе жасырындық деңгейіне қарай;
4. Сөздің мағынаға дәлелдігінің сипаты мен сөзді айтушының сол сөзді қолдану мақсатына қарай.

Бұл мақаламызда біз бірінші, сөздің қандай мағынада қолданылғанына қатысты түрлеріне ғана тоқталамыз. Бұл сөздер өз ішінде «хасс» (жеке, арнайы), «амм» (жалпы, кең) және «мүштәрәк» (ортақ, омоним) деп бөлінеді. Осы «амм» терминінің ішіне «мутлак» (шегі белгіленбеген), «муқайияд» (шегі белгілі) пен қатар «әмір» (бұйрық рай) және «нәхи» (сөздің тыйым салу формасы) ұғымдары да кіреді. Біз тек «хасс» – «амм» және осы екі мәселеге байланысты құқықтық норма белгілеуде туындаған айырмашылықтарға тоқталайық.

الخاص Хасс: Анықтамасы: Хасс «жеке, арнайы» деген мағынаны білдіреді. Ол бір ғана мағынаны білдіру үшін бір ғана тұлғаға (нәрсеге) қаратыла қолданылған сөз [1]. Мысалы «Мұрат, Талғат, Абдуллаһ» секілді атаулар жеке тұлғаны білдіреді. Негізгі мақсаты көпшілікті қамту емес, жеке, арнайы біреуге қарата айтылғандықтан «хас» (жалқы) дейміз. Мысалы, ағаш, адам секілді бір түрді білдіретін есім сөздер, жүз, екі жүз секілді сан есімдер жеке адамдарды әрі заттарды да қамтиды. Құрамында көптік болумен қатар ол көптік шектеулі болса, ол сөз де хасқа жатады [2].

Хасстың үкімі: Хасстың үкімі белгіленген мағынаны кесімді түрде білдіреді. Яғни, мағынасы ашық болғандықтан, оны түсіну қиындық тудырмайды. Сол себепті сөйлемде айтылған мағынаны білдіруі болжамды емес, кесімді болып табылады. Оны жетекшілікке алу – уәжіп. Күнделікті өмірден мысалдар:

1. «Мен алты сиыр сатып алдым» дегенде сиырдың санының алтау екендігі нақты айтылған болады.

2. «Марат кетті» дегенде Марат атты бір кісінің келгендігі нақты айтылады.

3. «Алматыдағы «Медеу» мұз айдынына бардық» дегендегі Алматы мен «Медеу» жалқы есімдерді білдіреді.

Діни мәтіндерден мысалдар:

1. Аллаһ тағала ант ішудің кәффаратына қатысты: «...**Алайда кім оларды таба алмаса, үш күн ораза ұстауы қажет**» («Мәида» сүресі, 89) деп бұйырған. Бұл аяттан **үш күн ораза ұстау қажет** екендігіне қатысты үкім шығады. Өйткені «үш» деген сөз хасс (даралаушы) ұғым болып табылады. Сондықтан, бұл жерде «үш күн» үкімі кесімді түрде келгендіктен одан аз немесе көп күнге қатысты ешқандай ықтималдылық жоқ.

2. Құрандағы мұра қалдыруға қатысты келген әркімге қатысты тиісті мөлшерлер де хасс түрде айтылғандықтан ол нақтылықты білдіреді. Яғни кімге қай мөлшерде мұра қалдырылатындығы Құран аяттарында көрсетілген. (Мөлшерлерді жазу керек)

3. Пайғамбарымыздың (с.а.с.) «Әр қырк қойдан бір қой зекет беріледі» деген хадисінде қойдан берілетін зекеттің мөлшері нақты айтылған. Қырықтан аз немесе көп деген мағынаға ешқандай ықтималдық жоқ. Олай болса, қырық қойдан бір қой беру міндетті болып табылады [3].

Хасты жорамалдау

Белгілі бір нәрсені кесімді түрде қамтығандықтан хасты тәпсірлеудің және баяндаудың қажеті жоқ. Яғни, бұдан кейін қандайда бір баяндау келсе ол (الناسخ) «насих», яғни сол үкімнің күшін жоюшы болып табылады. Бұл жағдайда үкімді жоюшы үкімі жойылғаннан бекітілу және мағынаны білдіру тұрғысынан күшті болуы керек. Хасты хабарул ахад немесе ахад хадис. (Ахад хадис – бір, екі немесе одан да көп адамдар риуаят еткен, бірақ риуаятшыларының саны мәшһүр хадистің дәрежесіне жетпеген хадис) [4] немесе қияспен (Қияс – Құран аяттары мен хадистерде және ижмада ашық үкімі жоқ қандай да бір қалыптасқан ахуалды Құран мен хадисте сөз болған қандай бір жағдаймен салыстыра отырып, ұқсастығына қарай шешім шығару) [2, 126 б.] қарама қарсы қоюға болмайды. Өйткені бұл екеуінің дәлелдігі нақты, кесімді емес – болжамды.

Мысалы, Әбу Ханифа (р.а.) руқуғты толық орындауды намаздың дұрыстығына шарт етпеген. Аллаһ Тағала «Хаж» сүресінің 77-аятында «Руқуғ және сәжде қылындар», дейді. Бұл аяттағы «руқуғ» сөзі – тура, тегіс тұрған нәрсенің қисаюы, жантаюы деген мағынаны білдіретін есім сөз және ол есім сөз бұл жерде хасты (жалқылықты) нұсқайды әрі дәлелдік тұрғыдан кесімді болып табылады. Сол себепті оны талқылап, түсіндіріп жатудың қажеті жоқ. Жоғарыда келтірілген аяттың үкімін төмендегі ахад хадис өзгерте алмайды. Аллаһ елшісі (с.ғ.с) бір адам руқуғты толық орындамағанда оған: «Тұр да, намазыңды қайтадан оқы, өйткені сен намаз оқымадың», – деп айтқан (Бұхари, Азан). Ал, шафиғилар осы және тағы бірқатар хадистерді

алға тарта отырып: «Рукуғтың дұрыс саналуы үшін «тағдил аркан» – шарт, (Тағдил аркан – намаздағы рукуғ, сәжде, қиям секілді парыздарын сәл кідіріп, толық орындау. Мыс. Рукуға иіліп сәл кідіріп барып, тіктеліп тұру. Егер рукуға иіліп дереу қайта тіктеліп тұрса, тағдил орындалмаған болады, яғни, рукуғ жасалмаған болады.) егер орындалмаса, рукуғқа барған болып саналмайды», – деген. Ханафи мәзһабында Құранның хас үкімін (рукуғдың парыздығын) хадиспен (хадистегі тағдил аркан) өзгертпейді. Яғни, рукуғда тағдил аркан болмаса да парыз орындалған болып саналады. Бұл мәселеде Әбу Ханифа аят пен хадисті ұштастырып, екеуіне де амал еткен. Аяттағы хас лебіз (еңкейіп рукуғ жасау) парыздықты білдірсе, хадистегі (рукуғда тағдил жасау) уәжіп екеніне дәлел деген. Осылайша, аят пен хадисті ұштастыра отырып, Құран аятына парыздық үкімді, ал Аллаһ елшісінің (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) хадисіне уәжіптікті лайық деп санаған [5].

Осы мәселеге қатысты ханафи мазһабындағы әйел кісінің өзін тұрмысқа беруін де мысалға келтіруге болады. Аллаһ Тағала «Бақара» сүресі 230-аятында: «Бұдан кейін оған, ол басқа ерге тимейінше халал болмайды», – дейді. Аяттағы «تَكْحَل» «әйелдің ерге тиюі» деген сөз әйелге өз қалауымен тұрмысқа шығуға рұқсат етілгендігін жалқы түрде білдіріп тұрғандықтан оны жетекшілікке алу міндетті болып табылады. Осы аятта кесімді түрде келген жалқы үкімді ахад хадис үшін тәрк етуге болмайды. Бір хадисте Пайғамбарымыз (с.ғ.с.): «Егер бір әйел уалисіз некеленетін болса оның некесі жарамсыз», – деген (Әбу Дәуід, 2/235; Тирмизи, 3/407). Бұл хадис ахад болғандықтан Құрандағы хастың үкімін жоя алмайды. Өйткені, ахад хадис Құрандағы хасқа қайшы келсе, ахад хадисті тастап Құрандағы жалқы түрде келген үкім жетекшілікке алынады [6].

Сондықтан да Құранның жалпылаушы үкімі ахад хадистен жоғары тұрады. Құран – Алла тағаланың сөзі және дәлелдік жағынан кесімді. Құранның мағынасына қайшы пікір айтылмайды, оған қандай да бір хадис қайшы келсе, ол екеуінің мағынасын сәйкестендіріп түсіндіру қажет. Егер ол мәселенің түйінін шешуде қиындық туындаса, әуелгі кезекте Құрандағы үкімге үңіліп, хадисті алмайды. Олай болса, Құранның «ғам» аяттары хадистің «хас» үкімімен өзгертілмейді. Өйткені, мағынасы анық Құран аяттары түсіндіру мен баяндауды қажет етпейді. Міне, Әбу Ханифа осы қағиданы негізге алған.

Осы тұста мына мәселені де айта кеткен жөн. Егер «хасс» сөзді жорамал жасауға қатысты бір дәлел табылса, яғни хасс сөз арқылы сол сөздің белгіленген мағынадан басқа бір мағына көзделгендігіне қатысты қандай да бір дәлел табылып жатса, бұл жағдайда хасс сөз дәлелдің қажеттілігі саналған нәрсе арқылы түсіндіріледі. Мысалы, жоғарыдағы қойдың зекет мөлшеріне қатысты келтірілген хадистегі «шат (бір қой)» сөзін ханафилердің қойдың өзі немесе соның мөлшері ретінде түсіндірулері осыған жатады. Бұл көзқарас бойынша зекет ретінде қойдың өзін де беруге немесе қойдың құнын да зе-

кет ретінде беруге рұқсат етіледі. Өйткені, ханафилердің пікірінше Аллаһ тағала зекетті парыз ету арқылы кедей, мұқтаж жандардың қажеттілігін өтеп, игілігін көздеген. Бұл мақсат қойдың өзін беру арқылы орындалғаны секілді оның мөлшерін беру арқылы да жүзеге асырыла алады [3, 174 б.].

العام **Ғам** (Жалпы мағыналарды білдіретін сөздер)

Анықтама: Ғамм (жалпылаушы) сөздер өзіне сәйкес келген барлық бірліктерді тегіс қамтыған, бірліктері арнайы шектелмеген сөздер. Мысалы, «Көктер мен жердің (қазыналарының) кілті – Онікі. Ол қалағандарының рызығын кең етеді және тар етеді. Расында ол барлық нәрсені толық білуші» деген аяттағы («Шура» сүресі, 12) «барлық нәрсе» деген сөз жалпылаушы болып табылады және «Әр мұсылман жәннаттық, кім қаруын тастаса сол кешіріледі» деген сөйлем де арнайы бір топты атамай осы сипаттағы барлық адамның осы топқа кіретінен білдіреді [7].

Жалпы мағынаны білдіретін сөз түрлері

Араб тілінде жалпы мағыналарды білдіретін ең маңызды сөздерді төмендегіше топтастыруға болады:

- а. «Барлығы», «Тегіс» деген мағыналарды білдіретін «كل. جمع» сөздері;
- ә. «Истиғрақ» және «шумуль» мағынасын білдіретін «эль» артиклі арқылы келген белгілі халдегі көпше түр; Сонымен қатар изафеттік мағынаны білдіретін көпше түр де осы артикльмен келген көпше түр секілді.
- б. «эль» артиклі немесе изафеттік тіркес арқылы белгілі халде келген жекеше түрдегі есім сөздер;
 - в. Сілтеу есімдіктері;
 - г. Шартты есімдер;
 - д. Сұраулы есімдер;
 - е. Болымсыздық пен тыйым салудан кейін келген белгісіз халдегі сөздер

[2, 346-347 б.].

Жалпылаушыны жалқылау (Тахсисул-ғам)

Жалпылаушыны жалқылауды фикһ терминологиясында «**Тахсисул-ғам**» деп атайды. Тахсис дегеніміз – жалпылаушы (ғам) сөздің өз аясында қамтыған кейбір бірліктерді, яки бөліктерді сол жалпы мағынаның ішінен бөліп шығару. Тахсис етуші (жалқылаушы) дәлел «мухассис» ал жалқыланған дәлел «мухассас» деп аталады.

Бұл мәселедегі пікірлердің әрқелкілігін талқылауға кіріспес бұрын ғамға қатысты ғалымдардың көпшілігі келіскен мына мәселелерге тоқтала кеткен жөн.

1. Кейде ғам өз мағынасы аясына кіретін барлық бірліктерді қамту мақсатында қодланылады. «Еш күмәнсіз Алла барлық нәрсені білуші» («Анкабут» сүресі, 62), «**Жер бетінде ырыздығы Аллаға тән болмаған ешқандай жәндік жоқ**» («Худ» сүресі, 6) деген аяттардағы жалпылықты білдіретін ғам сөздер осы түрге қатысты барлық бірліктерді қамту үшін қолданылған. Бұл жалпы сөздердің ешқайсысында жалқылау жоқ.

2. Кейде жалпы сөздер барлық бірліктерді емес жалпының бір бөлігін білдіру мақсатында қолданылады. Бұл соған нұсқайтын бір дәлел арқылы анықталады. Көбінесе қолданыста осы түр жиі кездеседі. Ғалымдардың көпшілігі осы аталған мәселеде жалпылаушы сөздердің барлық бірліктерді тегіс емес, кейбірін білдіру мақсатында қоданылатындығына бірауыздан келіскенімен, мына «Жалпылаушы сөз бір дәлелдің негізінде жалпылықтан шығарылып тек қана бірліктердің белгілі бір бөлігін қамтығандығына қатысты ой түйілген жағдайлардың барлығын (әлгі дәлелдің қандай екеніне қарамастан) тахсис деп атау керек пе әлде тахсис үшін дәлелдің кейбір шарттары болу керек пе?» деген мәселелерде пікірлері біркелкі емес. Енді осы мәселелерге тоқталайық.

Ханафилердің көзқарасы бойынша тахсис

Ханафилер мухассис дәледің жалпылаушы сөзбен бірге, яғни сонымен жалғаса келуін және мухассистің (жалқылаушы сөз) сол келген сөзден бөлек, дербес келуі шарт дейді. Егер мухассис жалпылаушы сөзбен бірге, яғни бір уақытта келмесе ол мухассис емес, насих (үкімді жоюшы) болады. Сол секілді мухассис (жалқылаушы сөз) амм сөзден дербес келмесе (мысалы истисна секілді) мухассис, яғни үкімді жалқылаушы бола алмайды. Ханафилердің көзқарасы бойынша мухассис кесімді дәлелдер қатарынан келуі керек. Яғни болжамды дәлелмен жалпы үкімді жалқылауға болмайды. Ал, кесімді бір дәлелмен жалқыға айналдырылған ғамды одан кейін барып екінші рет болжамды дәлелмен жалқылау мүмкүн [3, 195-196 б.].

Көпшіліктің көзқарасы бойынша тахсис

Көпшілікті құраған шафиғилер мен өзге мәзһаб имамдарының көзқарасы бойынша жалпылаушы сөздің жалпылықтан шығарылып бірліктердің кейбір бөліктерін білдіруі ешқандай шартсыз тахсис болып табылады. Осы жалпылық мағынасына тосқауыл болған дәлел мейлі тәуелсіз, мейлі тәуелді болсын, мейлі жалпылаушының соңынан жалғасып келген сілтеу есімдігі болсын яки жалпылаушыдан бөлек айтылса да да тахсис жасалынады. Алайда мына мәселеге де назар аудару керек. Егер осы дәлел жалпылаушы ғамнан бөлек, дербес түрде келсе, жалпылаушымен амал жасалынған кезеңнен кейін орын алмауы тиіс. Бұл жағдайда ол тахсис емес нәсіхке (үкімі жойылған) айналады. Олардың көзқарасы бойынша ғамның үкімі болжамды болғандықтан оны қандай да бір болжамды үкіммен жалқылауға болады.

Яғни көпшіліктің көзқарасы бойынша тахсис дегеніміз бір дәлелге негіздей отырып жалпылаушы сөзді жалпылықтан шығарып, оның аясындағы кейбір бөліктерін білдіру. Осыны жүзеге асыратын дәлелді «мухассис», яғни жалқылаушы деп атайды.

Екі көзқарас арасындағы айырмашылық

Көпшіліктің көзқарасы бойынша жалқылаушының мағынасы ауқымды. Өйткені олардың көзқарасында жалпылаушы үкіммен амал етілгеннен

кейін келмеу шартымен, дәлел өзі дербес немесе сонымен жалғасқан болса да жалпылықты жалқылай алады. Ал ханафилердің көзқарасынша жалқылаушы дәлел дербес яки соған жалғаса келген болуы шарт.

Көпшіліктің көзқарасында тахсис жасаушы дәлел мустақил және ғайру мустақил деп екіге бөлінеді әрі олардың өзіндік шарттары бар. Ал ханафилер бойынша мухассис – ақыл, әдет-ғұрып пен жалпылаушыға жалғаса келген дербес мәтін болып үшке бөлінеді.

Ғам (жалпылаушы) сөздердің мағынасы мен үкімі

Жалпылықты білдіретін ғам иә жалпылаушы күйінде қалады яки тахсис, жасалады. Яғни жалқыға, даралаушыға айналдырылады. Көпшілік ғалымдардың ойынша жалқыға айналдырылса жалқыға айналдырылған сөздің содан кейін басқа бірліктерді білдіруі кесімді емес, болжамды болып табылады. Өйткені тахсистің себебі тахсистен кейін жалқыға айналдырылған өзге бірліктерде көрініс табады. Сондықтан жалпылаушы сөздің жалқыға айналдырылғаннан кейінгі бірліктерге нұсқауы болжамды болмақ.

Жалқыланбаған ғам сөздер барлық бірліктерді білдіреді. Өйткені оның жалпы формасынан адам санасына сап ете қалар мағынасы оның жалпылығы. Алайда ғалымдардың жалқыланбаған жалпы мағыналы сөздердің барлық жеке бөліктеріне дәлел болу сипатына қатысты пікірлері әр түрлі. Ханафилер оның дәлелдігін кесімді (қатғи) десе малики, ханбали және шафиғилер занни (болжамды) деп тапты [8].

1. Ханафилердің көзқарасы

Ханафилердің көзқарасы бойынша кейбір тахсис етілмеген жалпылаушы сөздердің дәлелдігі кесімді. Өйткені ғам сөздер жалпылықты білдіретіндіктен, оны жалқыға айналдыратын қандай да бір дәлел табылмайынша жалпылығы жалғаса береді. Тахсис ықтималдылығы өте сирек әрі дәлелсіз. Ал дәлелсіз ықтималдардың сөзге әсері жоқ. Сондықтан ол ғамның кесімділігіне әсер ете алмайды. Мысалы, «Сендердің қайтыс болғандарының артында қалдырған әйелдері... төрт ай он күн күтеді» («Бақара» сүресі, 234) деген аят қайтыс болған күйеуі онымен жақындасқан немесе жақындаспаған әйелдің барлығын тегіс қамтиды. Сол секілді «әйелдеріңнің арасында етеккірі тоқтағандар мен әлі етеккірі келмегендердің ғиддетерінде (күту мерзімі) күмәндансандар, біліп қойыңдар олардың ғиддетері үш ай» («Талак» сүресі, 4) деген аят етеккірі тоқтаған әйелдер мен тоқтамаған әйелдердің қалай ажырасқанына қарамастан бәріне ортақ күту мерзімін көрсетеді. Яғни ханафилердің көзқарасы бойынша, тілдік қағидаға сай жалпылаушы сөздер (ғам) барлық бірліктерді қамтиды.

Осының негізінде ханафилер мынадай қағида бекіткен: Жалпылаушы сөзді болжамды дәлелмен жалқылау дұрыс емес. Өйткені болжамды дәлел кесімдіні жалқыландыра алмайды. Екеуі де кесімді болғандықтан жалқыланбаған ғам сөз бен жалқыланған сөздің арасында қарама-қайшылық орын алмақ емес.

Осыған орай ханафилер «Алланың аты аталмай сойылғандарды жемендер» («Әнғам» сүресі, 121) деген аятқа сүйеніп, оның жалпылаушы мағынасын негізге алған. Сөйтіп әдейі «бисмиллах» деп айтылмай бауыздалған малдың етін жеуді харам деген. «Бисмиллах деп айтса да, айтпаса да мұсылманның бауыздаған малы халал болып табылады» деген хадиспен аяттың жалпылаушы үкімін жалқыландырмаған. Өйткені бұл хадис ахад жолмен келіп жеткендіктен, оның үкімі болжамды.

Ал, шафиғилер әдейі, біле тұра «бисмиллахты» айтпаған мұсылман адамның бауыздаған малын жеуді мүбах санаған. Өйткені олардың ойынша аяттың болжамды ғам үкімі болжамды хадис арқылы жалқыландырылады, Өйткені болжамды үкімді болжамдымен жалқыға айналдыруға рұқсат [8, 197 б.].

Алайда ханафилер тахсис жасалған жалпылаушы сөздің басқа бірліктерді білдіруі кесімді емес, болжамды екенін айтады. Мысалы соғысқан мүшріктердің бәрін өлтіруге қатысты аят түскен («Тәубе» сүресі, 5). Бұл аяттың үкімі жалпы. Алайда басқа бір аятта «мустәминдердің», яғни жандары сақталатынына кепілдік берілгендердің өлтірілмеуі керектігі айтылған («Тәубе» сүресі, 7). Көріп отырғанымыздай бірінші аят екінші аят арқылы жалқыланған. Ал осылайша жалқыға айналдырылған жалпы үкімді ендігі кезекте болжамды бір дәлелмен тахсис жасауға болады. Өйткені соғысушы мүшріктерді өлтіруге қатысты аят мустәминдердің өлтірілмеулеріне қатысты аят арқылы жалқыланғандықтан хабару-вахид саналатын «кәрі еркек пен әйелдерді өлтірмендер» деген хадиспен екінші рет тахсис етіліп тұр. Міне, ғам алдымен кесімді бір дәлел арқылы тахсис етілгендіктен барлығын қамтушы қасиетінен айырылғандықтан, одан кейін болжамды бір дәлелмен жалқыға айналдыру мүмкіндігі туындайды [3, 190-191 б.].

2. Малики, ханбали және шафиғилердің көзқарасы

Көпшілік малики, шафиғи және ханбалилердің көзқарасы бойынша жалпылаушы мағынадағы сөздің оның әрбір бірлігіне қатысты дәледігі болжамды. Өйткені әр бір ғам сөздің жалқыға айналдырылу ықтималдылығы бар. Тахсис жасалмайтын ешқандай ғам сөз жоқ. Жалқыға айналдырылмаған жалпылаушы сөздер өте аз. Міне, сондықтан да ғам сөздің барлық бірліктерін қамтитындығы күмән тудырады.

Мысалы, «Әли-Имран» сүресінің 173-аятындағы *الذين قال لهم الناس إن الناس قد جمعوا لكم* және *الناس* деген аяттардағы «الناس», яғни «адамдар» деген сөздер жалпы мағынада келген. Егер жалпылаушы сөздің үкімі кесімді болса бұған барлық адамдар кіріп кетер еді. Алайда аяттағы бірінші «ән-Нас» сөзі арқылы Нұғайм ибн Мәсғуд, ал екіншісімен меккеліктер меңзелген.

Осыдан келіп мынадай қағида шығады: Ғам сөзді занни (болжамды) дәлелмен тахсис жасау (жалқылау) дұрыс және бұл жағдайда ғам мен хасстың арасында қарама-қайшылық болмайды. Яғни, хасс үкім сол білдірілген мәселе бойынша, ал ғам үкім хасстың тысындағы мәселеге қатысты жетекшілікке алынады [8, 198 б.].

Амм мен хасстың қарама-қайшы келуі

Ханафилердің көзқарасы бойынша егер бір мәселелге қатысты біреуі жалпылықты білдіретін ғам ал екіншісі хасс (жалқы) үкім сырт көзге бір-біріне қарама-қайшы секілді көрінген екі кесімді дәлел келсе, егер олар аят болса онда оның түсу себебіне (әсбәбун-нузул), ал хадис болса (әсбәбул-уруд) оның айтылу кезеңіне, қайсысы бірінші қайсысы кейін айтылғанына қарау қажет. Егер ол белгілі болса үш, ал белгісіз болса бір жағдай туындайды. Енді соларға жеке-жеке тоқтала кетейік:

А. Ғамм мен хастың айтылу уақыттары белгілі болса

1. Егер екі дәлел бір кезеңде (аят) түссе, (хадис) айтылса хасс (жалқылаушы) жалпы үкімді тахсис етеді. Мына: «Аллаһ тағала сауданы халал етіп, пайыздық өсімді харам етті» («Бақара» сүресі, 275) деген аятта сауда-саттықтың халал етілгендігі жалпалай айтылса, одан кейін келген сөйлем жалпы келген сауданы риба сөзімен шектеп, жалқылап тұр.

2. Хасс дәлел жалпалаушы үкімнен кейін келген (аят түскен) болса хасс үкім өзінің қамту көлеміне қарай ғамның үкімін жояды. Мысалы, жалпылықты білдіретін бір аят бойынша күйеуі қайтыс болған бір әйелдің (жүкті болсын не болмасын бәрібір) төрт ай он күн идда (мерзім) күтуі қажет. Ол мерзімнен бұрын ешкімге тұрмысқа шыға алмайды. Осы аяттан кейін келіп түскен басқа бір аяттағы үкімге орай жүкті болып жесір қалған әйелдің күту мерзімі босанғанға дейін жалғасады. Міне, үкімі хасс әрі түсу кезеңі кейін болған екінші аят, жалпылаушы үкімді қамтыған бірінші аяттың үкімін жояды. Ал шафиғилердің көзқарасы бойынша түсу немесе айтылу кезеңі (қайсысы бірінші, қайсысы соңғы екені) белгілі болсын болмасын бәрібір жалпылаушы (ғам) болжамды болғандықтан үкімі кесімді саналатын хасс оны шектейді (тахсис жасайды). Яғни ханафилердің нәсіх (үкімін жою) дегенін шафиғилер тахсис (жалқылау) деп қабылдайды.

3. Жалпылаушы (ғам) дәлел жалқылаушыдан (хасстан) кейін келсе жалқылаушының үкімін жояды. Мысалы, Мәдинаға келгенде ауыруға шалдыққан бір рудың адамдарына Мәдинаның тысындағы садақаға берілген түйелердің сүттері мен зәрлерін қолдану бұйырылғанды. Кейіннен «зәрден сақтанындар» деген хадис арқылы зәрден сақтану керектігі ескертілген-ді. Міне, осы екінші хадис жалпылаушы әрі әуелгі хадистен кейін айтылғандықтан алдыңғы айтылған хасс хадистің үкімін жояды.

Имам Ағзамның көзқарасы бойынша «бес уәсқтан аз мөлшердегі өнімнен зекет алынбайды» (Бұхари, Зекет, 56) деген хадистің үкімі «жаңбырмен суғарылған өнімнен онда бір мөлшерде зекет беру қажет» (Бұхари, Зекет, 55) деген хадиспен жойылған. Әбу Ханифаның көзқарасы бойынша бір-біріне қайшы екі хадистің алдыңғы хасс хадисі екінші ғам хадистен кейін келген. Сондықтан, ықтияттылық танытып, аз мөлшерде де зекет парыз етілген.

Ал, ханафилердің тысындағы ғалымдар бірінші хадисті, екінші хадистің түсіндірушісі деп қабылдайды. Өйткені екінші хадис жалпылаушы

түрде келіп нелерден зекет беру қажет екендігін және қалай болу керектігін білдіріп тұр. Ал бірінші хадис зекеттің мөлшерін көрсетеді. Әбу Юсуф пен Мұхаммедтің де көзқарастары осындай [3, 192-193 б.].

Көпшіліктің көзқарасы бойынша ғам мен хасс бір мәселеге қатысты біреуі үкімнің бекітілгендігін екіншісі оның үкімінің өзгергенін білдіріп тұрса ол екеуі бір-бірен қарама-қайшы болып табылмайды. Мұндай жағдайларда мағынасына қарай жалқылаушы бойынша, оның тысында жалпылаушы үкім бойынша амал жасайды. Олардың пікірінше жалпылаушының дәлелдігі болжамды, ал жалқылаушыныкі кесімді. Болжамды мен кесімдінің арасында қайшылықтың болуы мүмкін емес [2, 355 б.].

Б. Ғам мен хастың кезеңдері белгісіз болған жағдайда

Ғам мен хастың түсу кезеңдері нақты белгісіз болса екеуі бір уақытта келген боп саналады. Бұл жағдайда егер екеуін де жетекшілікке алу мүмкін болса оны іс-амалда жетекшілікке алу қажет. Егер мүмкін көрінбесе күштірек деп саналған біреуін таңдау қажет. Мысалы, егер бір үкім бір нәрсенің халал екендігін, енді бірі харам екендігін білдірсе онда ықтияттылық танытып, харам деген үкімді таңдаған жөн. Имам Әбу Юсуф пен Мұхаммед жоғарыда келтірілген зекетке қатысты хадистердің кезеңі нақты белгісіз болғандықтан екеуімен де амал жасау қажеттігін айтқан.

Ханафи мәзһабының тысындағы ғалымдардың ойынша ғам мен хасс бір-біріне қарама-қайшы бола алмайды. Егер екеуі де бір мәселеге қатысты айтылса, хасс аммды түсіндіруші болып есептеледі [9].

Бұл мәселенің практикалық нәтижесі

Фикһ ғалымдары Құрандағы ғам сөздердің Құран арқылы немесе мутауатир яки мәшһүр сүннетпен тахсис жасалатындығына бірауыздан келіскен. Мәселе оның хабару уахидпен тахсис жасалып-жасалмайтындығына қатысты. Ханафилер Құран мен мутауатир хадистердің жалпы үкімдері һәм бекітілуі һәм мағынаны білдіруі де қатғи (кесімді), ал хабару уахид болжамды деп санағандықтан бұл мәселеде тахсис жасау үкімді өзгерту болып табылады. Ал болжамды дәлелмен кесімді дәлел өзгертілмейді. Ол тек қана өз дәрежесіндегі күшті Құран немесе мутауатир яки мәшһүр хадис арқылы ғана жалқыландырылады.

Ханбали, шафиғи және мәлики мәзһабтарының көзқарасы бойынша тахсис жасау үкімді өзгертпейді, қайта оны түсіндіреді. Сондықтан болжамды дәлелмен де жалпы мағыналы сөзді түсіндіруге болады. Олардың көзқарасы бойынша Құрандағы ғам сөздерді хабару уахидтағы хасс сөзбен және қияспен жалқылауға рұқсат. Өйткені хабару уахид занни болғанымен, хасс үкімді қамтып тұрғандықтан дәлелдігі – кесімді. Құрандағы ғам сөздер келуі тұрғысынан кесімді болғанымен дәлелдігі болжамды. Міне, осыған орай Құранның жалпылаушы (ғам) үкімі мен хадистің жалқылаушы (хасс) үкімінің дәрежесі тең түскендіктен, хабару уахидтің жалқылықты білдіретін сөзімен аяттың жалпы үкімін жалқылауға рұқсат. Мысалы «**Өлексе еті сендерге**

харам етілді» («Мәида» сүресі, 3) деген жалпы мағынадағы аятты «*Оның (өзен, теңіз) суы таза, өлігі халал*» (Әбу Дәуіт, Таһарат, 41; Тирмизи, Таһарат, 52) деген хадис жалқылайды. Сол секілді Құранның мұрагерлікке қатысты жалпылықты білдіретін аяттарды «Мұсылмандар мен мұсылман еместер арасында мұрагерлік құқығы жоқ», «Мұра тастаушысын өлтірген адам мұра ала алмайды» деген хадистер жалқылаған. Тағы да Құрандағы «**Ал енді (сендер үшін махрам болған) аталмыш әйелдердің тысындағы әйелдерге мал-мүліктеріңнен мәһір беріп, нәпсі құмарлыққа салынбай ар тазалығын сақтау шартымен үйлену адал етілді**» («Ниса» сүресі, 24) деп үйленуге болатын әйелдерге қатысты жалпылама келген аятты «Бір әйелдің көзі тірісінде оның әпкесіне (әке жағынан) және нағашы әпкесіне үйленуге болмайды» деген хадис жалқылап тұр. Осы мысалдар Құранның ғам (жалпылаушы) үкімін хабару уахидтің жалқылай алатындығын көрсетеді.

Ханафилердің көзқарасы бойынша жоғарыда келтірілген хадистермен Құранның жалпылаушы үкімдерін жалқылау мына екі себепке байланысты:

1. Құранның жалпылаушы үкімін тахсис жасайтын кесімді бір дәлелден кейін оның басқа бірліктерге дәлелдігі болжамдыға айналады. Өйткені «**Ал енді (сендер үшін махрам болған) аталмыш әйелдердің тысындағы әйелдерге мал-мүліктеріңнен мәһір беріп, нәпсі құмарлыққа салынбай ар тазалығын сақтау шартымен үйлену адал етілді**» («Ниса» сүресі, 24) деген аятты «(Әй, мүминдер,) **Иман келтіргенге дейін мүшірік әйелдерге үйленбеңдер!**» («Бақара» сүресі, 221) деген аят тахсис жасап тұрғандықтан, ол ғам болжамдыға айналып тұр. Сондықтан да жоғарыда келтірілген «Бір әйелдің көзі тірісінде оның әпкесіне үйленуге болмайды» деген хадис ол үкімді жалқылай алады.

2. Жоғарыда келтірілген хадистер өз кезегінде мәшһүр болып табылады. Ал мәшһүр хадиспен Құранның жалпылаушы үкімін жалқыға айналдыруға болады [3, 195-196 б.].

Міне, осы айтылғандардың бәрінен түйеріміз, ислам құқығында құқықтық нормаларды белгілеуде араб тілінің грамматикасы, көркемдігі мен шешендік сөздерін, әдеби ерекшелігін жетік меңгеру қажет. Сондықтан құқық методологиясы саласының мамандары Құран аяттары мен пайғамбар хадистерін дұрыс түсініп, үкім шығара алу үшін араб тілі мен әдебиетіне қатысты кейбір қағидаларды белгілеген. Бұл қағидаларды білудің маңызы зор. Десе де, бұларды білу барлық мәселені шешпейді. Сонымен қатар, шарифаттың негізгі көздеген мақсатын дұрыс бағамдай алу қажет. Ол үшін құқықтанушы маман сырт көзге бір-біріне қарама-қайшы секілді көрінген діни мәтіндерді саралап, елеп-екшеп, оңтайлы үкім шығару жолында осы белгіленген қағидаларды шеберлікпен қолдана білуі тиіс. Осы қағидаларды білген жағдайда қателікке бой алдырудан құтылып, исламның негізгі рухына сай үкім шығаруға қол жеткізеді.

Әдебиеттер

- 1 *Сарахсий*. Усулус-Сарахсий // тахқиқ: Әбул Уәфә әл-Әфғани. – Стамбул, 1-т.
- 2 *Шағбан З.* Усул-у-фиqh // түрікше аударған И. К. Дөнмез. – Анкара: ТДУ, 1996.
- 3 *Атар Ф.* Фыкыһ усулу. – Стамбул, 1996.
- 4 *Құрманбаев Қ.* Хадис ілімі (тарихы және әдіснамасы). – Алматы, «Нұр-Мұбарак», 2010.
- 5 *әл-Әсәди М.У.* әл-Мужаз фи усулил-фиqh маа муъжами усулил-фиqh. – Каир: Дарус-сәләм, 1998.
- 6 *әл-Фарфур С.* әш-Шәфи ала усули әш-Шәши. – Дамаск: Дәрул-Фарфур, 2001
- 7 *Каракая Х.* Фыкыһ усулу. – Стамбул, 1995.
- 8 *Зухәйлий У.* әл-Уәжиз фи усулиль-фиqh. – Бейрут: Дәрул-фикр, 1995.
- 9 *Әбу Захра М.* Усул-у-фиqh. – Каир: Дәрул-фикрил-араби.

Резюме

Адилбаев А. Ш., Адильбаева Ш.А. Роль языковых правил при обозначении правовых норм в методологии исламского права

Методология исламского права или наука о основах фикха занимает особое место в исламском шариате. С целью вынесения заключения по тому или иному вопросу ученые, специализирующиеся на методологии фикха, брали за основу «религиозные» и «языковые» правила. По причине того, что основным источником всех заключений в шариате является Священный Коран и сунна Пророка (с.а.с.), зафиксированные в оригинале на арабском языке – для муджтахидов исламского права или специалистов в сфере исламской юриспруденции особо важно знать правила арабского языка, его грамматику и особенности поэзии. В данной статье показаны особенности «хасс» (обособляющих) и «ам» (обобщающих) слов арабского языка, упомянутых в религиозных текстах и их важность в обозначении правовых норм, которые стали одной из причин диспутов в методологии исламского права.

Summary

Adilbayev A.Sh., Adilbaeva Sh.A. The Role of Language Rules in Identifying of Islamic Law Methodology

